



МӘМС-ке ЖҰРТ НЕГЕ НАРАЗЫ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ҰБТ-дан НЕ ҰТТЫҚ?

6-БЕТ | БІЛІМ



ОЯНУДЫҢ ЛЕБИ ЕДІ

9-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

КҮНДЕЛІКТІ МІНДЕТТЕРДЕН БӨЛЕК, ҰЗАҚ МЕРЗІМГЕ АРНАЛҒАН МАҚСАТТАРҒА ДЕН ҚОЮДЫҢ МӘНІ ЗОР. БІЗ БОЛМАШЫ НӘРСЕЛЕРГЕ БАСА НАЗАР АУДАРЫП, ҰСАҚ-ТҮЙЕКТИ ТАЛҚЫЛАУҒА БҮКІЛ КҮШ-ҚУАТЫМЫЗДЫ САРП ЕТЕМІЗ. ОДАН ДА СОРАҚЫСЫ, ӘЛ-ДЕКІМДЕРДІҢ ЖАЛҒАН СӨЗІНЕ ЕРІП, АРАМ-ТЕР БОЛАМЫЗ. МҰНДАЙ ПАЙДАСЫЗ ІСТЕРГЕ АЛАҢДАП, ҰЛТТЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАРЫНАН ЖАҢЫЛМАУҒА ТИІСПІЗ.

№24
(4612)

Сейсенбі
27 ақпан
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЕМТИХАН ТАПСЫРМАЙДЫ

Жаңа оқу жылынан бастап 1 сыныпқа баратын балалар лицей, гимназияға емтихан тапсырмайды.

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ететін заңдағы өзгерістерде осындай норма бар. Бұл норма балалардың өмірінде, емтихан тапсыру кезінде стрессі жағдайларды азайтуды көздейді. Мамандардың айтуынша, мұндай өзгеріс барлық типтегі мектептерге қабылдаудағы шектеулерді алып тастап, дайындық деңгейіне қарамастан барлық балаға негізгі білім беру, танымдық қабілеттері мен әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін тең мүмкіндіктер мен қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

ӘКЕЛЕР КЕҢЕСІ ҚҰРЫЛДЫ

Алғыс айту күні қарсаңында Астана қаласы бойынша 51 білім беру ұйымында «Даналық жобасы» аясында «Әкелер кеңесі» құрылды.

Кеңесті құрудағы мақсат – отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру. Сондай-ақ тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсету. Осы мақсат аясында қаладағы барлық «Әкелер кеңесі», «Қар десанты» челленджін өткізу қолға алынып, эстафета бір-біріне жолданып келеді. Бүгінгі таңда олардың барлығы балалары білім алып жатқан мектеп ғимаратының қарын күреп, игілікті іс-шараларға бір кісідей қатысып жатыр.



АТҚАРЫЛАР АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС КӨП

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы іске асып келеді. Оның дәлелі, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Сарыарқа ауданының тұрғындарымен кездесіп, былтыр атқарылған жұмыстарды қорытындылап, биыл іске асатын жобаларды талқылады. 4 сағаттан аса уақытқа созылған есептік кездесуде 100-ге жуық сұрақ қойылды. Шаһар басшысы тұрғындардың сұрағын тыңдап, жан-жақты жауап беріп, әрбір сауал жан-жақты талданып, оң шешім болатынын айтты.



КИЗДІ КӘДЕГЕ ЖАРАТҚАН...

Соңғы жылдары әлемнің сән сахнасында киізден жасалған ұлттық нақыштағы бұйымдар жиі көрсетіле бастады.

10



Қазақстанда 2 миллион 343 мың зейнеткер бар. Оларға биылғы екі айда 306 миллиардтан аса теңге зейнетақы төленген.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі осы көрсеткіштер негізінде орташа зейнетақы мөлшерін жариялады. «2024 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 132 346 теңге болды, оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 89 810 теңге, базалық зейнетақы – 42 536 теңге. Жыл басынан бері республикалық бюджеттен 306,8 миллиард теңге сомасына зейнетақы төленді. Базалық зейнетақы төлеуге – 96,4 миллиард теңге, ынтымақты зейнетақы төлеуге 210,4 миллиард теңге жұмсалды» делінген министрлік хабарламасында.



Қазақстан Ұлттық Банкі бүгіннен бастап «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері» сериясынан номиналы 5 000 теңгелік TUIE мен «Қазақстанның флорасы мен фаунасы» сериясынан номиналы 1 000 теңгелік BALQASH ALABUGASY коллекциялық күміс монеталарын сатылымға шығарады.

Коллекциялық монеталар интернет-дүкені арқылы сатылады. Бірақ, сатып алушы монетаны тек өзі таңдаған Ұлттық Банк аумақтық филиалынан алып кету опциясын таңдай алады.

№24 (4612) 27/02/2024 Сейсенбі

ОНКОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫ АРАЛАДЫ

Президент өңірге жұмыс сапары барысында Өскемен қаласындағы көпбейінді Онкология және хирургия орталығының базасында ашылған Сәулелік терапия және диагностика орталығына барды. Президентке жоғары дәлдікпен диагностика жасауға және онкологиялық ауруларды емдеуге мүмкіндік беретін соңғы буындағы магнитті-резонансты томография (MRT), Elekta Versa HD желілік үдеткіші, Discovery RT компьютерлік томографы сияқты заманауи медициналық құрылғылардың жұмысы таныстырылды. Сондай-ақ Орталық радиологиялық суреттерді сақтауға және оларды тез тауып, нақты уақыт режимінде зерттеуге арналған PACS архивтеу жүйесімен жабдықталған.

Көпбейінді онкология және хирургия орталығының директоры Гүлмира Сағидуллинаның айтуынша, жыл сайын мұнда 3 мыңнан астам хирургиялық операция жасалады, оның 60 пайызында аз инвазивті емдеу тәсілдері қолданылады. Орталықта медицина мамандарының шетелдерде біліктілігін арттыру және қайта даярлау ісіне айрықша мән беріледі. Отандық және шетелдік мамандар шақырылып, тұрақты түрде шеберлік сағаттары ұйымдастырылып тұрады.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа Шығыс Қазақстан облысындағы онкологиялық қызметтің қазіргі жай-күйі жөнінде баяндалды. Өңірде қатерлі ісіктерді ерте анықтау көрсеткіштері айтарлықтай артып, ауру деңгейі үшінші, төртінші сатыға дейін асқынып кеткен сырқаттардың саны қысқарған. Сәйкесінше, онкологиялық аурудан қайтыс болатын азаматтардың саны азайып келе жатқаны байқалады. Мемлекет басшысы орталық дәрігерлерімен әңгімелесіп, медициналық ұйымның жұмысына табыс тіледі. Сондай-ақ елімізде осындай заманауи медициналық орталықтар ашу маңызды екенін атап өтті. «Өте жақсы медициналық мекеме екен. Заманауи әрі сапалы құралдармен жабдықталған. Науқастарды емдеу керек. Қазір мұндай ауруханалар жалпыұлттық маңызға ие болды. Өкінішке қарай, онкология дерті жүрек-қан тамырлары ауруларынан кейін екінші орында тұр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ТИТАН-МАГНИЙ КОМБИНАТЫНА БАРДЫ

Мемлекет басшысы «Өскемен титан-магний комбинаты» акционерлік қоғамындағы өндіріс жұмыстарының жай-күйімен және кәсіпорынның даму перспективасымен танысты. Комбинат шикізат өндіруден бастап одан дайын өнім алуға дейінгі өндірістің бүкіл циклын қамтитын кеуекті титан, титан құймалары мен корытпаларын шығаратын әлемдегі біртұтас кәсіпорындардың бірі саналады. Өндіріс құрылымы 5 негізгі және 6 қосалқы цехтан, сондай-ақ еншілес әрі бірлескен кәсіпорындардан тұрады. Әлемдегі титан нарығының 11 пайызы Қазақстанға тиесілі, ал аэроғарыш саласындағы титанның 20 пайыздан астамын біздің ел қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысына комбинат өнімін Airbus, Boeing, TIMET, ATI, Safran, UKAD, Pratt&Whitney, General Electric, Dynamet, Howmet, POSCO, Baoi, MIDHANI секілді әлемдік ірі



ШЫҒЫС ӨҢІРІНІҢ ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен барды.

компаниялар сертификаттағаны туралы баяндалды. Қазақстан титаны кеме жасау ісінде, энергетика, аэроғарыш салаларында, мұнай-газ кәсіпорында және медицинада кеңінен пайдаланылады. Өнім АҚШ-қа, Ұлыбританияға, Францияға, Оңтүстік Кореяға, Үндістанға және Қытайға экспортталады.

Алдағы он жылда комбинат жалпы сомасы 207 миллиард теңге болатын 25 инвестициялық жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев өндіріс цехтарын аралап көріп, комбинат жұмысшыларымен әңгімелесті. «Бұл комбинат көптеген өлшем бойынша озық мекеме саналады. Заманауи құралдармен жабдықталған. Қазақстан титан өндірісі бойынша әлемдік нарықта жетекші орын алады. Еліміз үшін мұндай кәсіпорындар өте қажет. Жұмыстарыңыз табысты болсын» деді Президент.

ҚЫЗМЕТІН ОҢ БАҒАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Шығыс өңіріндегі элиталық тұқым шаруашылығының қызметімен танысты. Президентке көпжылдық практикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде сұрыпталған күнбағыстың жаңа будандары, сондай-ақ соя мен бидай сорттары таныстырылды. Кәсіпорын дайындайтын тұқымдар отандық шаруалардың арасында жоғары сұранысқа ие әрі Ресей Федерациясының 7 өлкесіне экспортталады.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде майлы дақылдардың егістік алаңын көбейтудің перспективасы жөнінде сұрады. Мекеме басшысы Фарид Әбітаевтың айтуынша, соңғы кезде майлы дақылдарды егу көлемі жыл сайын 12-15 пайызға артып келеді, сәйкесінше, нарықтағы сұраныс та жоғары. Бұған қоса, мол жем-шөп қоры мен селекциялық жұмысты саауатты жүргізудің арқасында агроөнеркәсіп кешені сүт өнімдері бағытындағы жетекші

мал шаруашылығының қатарына кірді. Бүгінде серіктестіктің тауарлы сүт фермаларында 3 мыңға жуық ірі қара бар. Олардың көбі – голштейн-фриз тұқымына жататын сиырлар. Фермада тәулігіне 40 АҚШ-қа, Ұлыбританияға, Францияға, Оңтүстік Кореяға, Үндістанға және Қытайға экспортталады.

Мемлекет басшысы кәсіпорынның ауыл шаруашылығы ғылымындағы табысын оң бағалап, мұндай тәжірибені еліміздің басқа өңірлеріне тарату қажет екенін айтты. Президентке Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетімен бірлесіп ашылған оқу кабинеті таныстырылды. Мұнда жұмысшылар өндірістен қол үзбей, агроменеджменттің қыр-сырын меңгереді. Кәсіпорын өсімдіктерді қорғайтын заттар өндіру ісі бойынша үздіктердің бірі саналатын швейцариялық Syngenta компаниясымен және ауыл шаруашылығы техникасын шығарушы америкалық John Deere компаниясымен де осындай ынтымақтастықты жолға қойып жатыр.

ШЕБЕРХАНА ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетіне барып, жоғары оқу орнының қызметімен танысты және оның базасында құрылған «Лу Бань шеберханасы» оқу орталығын аралап көрді. Президентке білім ошағының ғылыми-инновациялық экожүйесі туралы мәлімет берілді. Ректор Сәуле Рахметуллинаның айтуынша, бытыр университет базасында Smart engineering құзыреттер орталығы ашылған. Орталық машина жасау, тау-кен және металлургия кешені салаларындағы импортты алмастырушы технологияларды дамытуды көздейді.

Мемлекет басшысына жастардың инновациялық жобалар жасауына мүмкіндік беретін медицина бағытындағы технопарк

негізін қалау жоспары жөнінде баяндалды. Қазірдің өзінде университетте әзірленген 40-тан астам медициналық имплантат түрі клиникалық сынықтан өткізіліп жатыр. Сондай-ақ Қазақ-неміс университетімен бірлесіп, металлургия, пайдалы қазбаларды игеру бағытында Ғылым және технология институтын ашу жоспарланған.

«Лу Бань шеберханасы» «Автомобильдердің инновациялық конструкциясы» және «Автомобильдердің SMART технологиясы» сияқты екі зертханадан тұрады. Орталықтың бір ерекшелігі – мұнда студенттер практикалық дағдыларды меңгеріп, автомобиль жүйелеріне симуляциялық сынақ жүргізе алады. Сондай-ақ орталықта электромобильдер мен гибриді көліктерге техникалық қызмет көрсету және диагностика жасау үшін жаңа технологияларды игеру ісіне айрықша мән беріледі.

Мемлекет басшысы жол қозғалысын интеллектуалды тұрғыда ұйымдастыруға арналған SMART-үстелмен танысты. Сонымен қатар Президентке гибриді автомобильдерді, электромобильдерді және оларды қуаттау принциптерін үйренуге арналған оқу стендтері көрсетілді. Елімізде «Лу Бань шеберханаларын» ашу бастамасын бытыр мамыр айында Сианьда өткен «Орталық Азия – Қытай» саммитінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин көтерген болатын. Университет мақсаттарының бірі – осы «Лу Бань шеберханасы» базасында отандық автомобиль құрастыру өнеркәсібі үшін жоғары білікті техникалық және инженерлік кадрларды даярлау. Орталықты аралап көрген Президент студенттермен әңгімелесіп, оларға табыс тіледі. Сондай-ақ экономиканы дамыту үшін елімізде «Лу Бань шеберханасы» сияқты орталықтардың санын көбейту маңызды екенін атап өтті.

ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Кувейт Мемлекетінің Әміріне құттықтау жеделхатын жолдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқының және жеке өз атынан шейх Мишааль әл-Ахмад әл-Джабер ас-Сабах пен Кувейт халқын төл мерекесі – Ұлттық күнімен құттықтады.

«Бейбітшілік пен тұрақтылықты ту еткен еліңіз болашақта өсіп-өркендеп, игі мақсат-мұраттарға жете беруіне тілектеспін. Біз Кувейтті Қазақстанның араб әлеміндегі сенімді әрі маңызды серіктестерінің бірі ретінде қарастырамыз. Берік достық пен өзара сенімге негізделген әріптестігіміз бірлескен күш-жігеріміздің арқасында қарқынды дами түсетініне көміл сенемін» деп жазылған жеделхатта.

Президент Кувейт Әмірінің аса жауапты қызметі мен барлық бастамаларына мол табыс, ал бауырлас Кувейт халқына құт-береке тіледі.

ЗОРЛЫҚҚА ЖАЗА КҮШЕЙДІ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин еліміздегі әйелдер мен балалар құқығын қорғау туралы заң жобасына қатысты пікір білдірді.

«Бүгін Мәжілістің пленарлық отырысында әйелдердің құқықтарын және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты заң жобасы бірінші оқылымда қабылданды. Онда тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелерін шешудің жан-жақты тәсілдері қарастырылған. Бұл құжат Президенттің бытыр күзде жариялаған Жолдауын жүзеге асыру аясында әзірленді. Жалпы, осы жобаға сәйкес түрлі заң актілеріне 70 түзету енгізу көзделіп отыр. Соның ішінде, отбасыларға көмек көрсету инфрақұрылымын қалыптастыруға бағытталған өзгерістерді, сондай-ақ тұрмыс саласындағы қылмыстар және балаларға қарсы жасалған зорлық-зомбылықтың барлық түрі үшін жазаны күшейтуді атап өтуге болады. Мәселен, адамды ұрып-соққаны, денсаулыққа жеңіл, ауырлығы орташа және ауыр зиян келтіргені, азаптап-қинағаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді және күшейтілді» деп жазды Ерлан Қарин Telegram-арнасында.

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

Қазақстан мен Ресей креативті индустрияны дамыту саласында тәжірибе алмасты. Бұл туралы Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен мәлім етті.

«Креативті индустрияны дамыту саласы бойынша екі ел арасында тәжірибе алмасу және зерттеу мақсатында қазақстандық делегация Мәскеуге барды. Мәдениет және ақпарат министрлігін креативті индустрия департаментінің директоры Гүлсхан Нахабаева таныстырды. Жұмыс сапары аясында делегация мүшелерінің Мәскеу Үкіметінің министрі, Мәскеудің сыртқы экономикалық және халықаралық байланыстар департаментінің басшысы Сергей Череминмен кездесу өтті. Кездесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың жоспарлары мен болашағын талқылады, киноиндустрия, анимация, музыка, дизайн, көркем және әдеби шығармашылық, театр өнері және т.б. басым бағыттарда бірлескен жобаларды іске асыру мүмкіндігін қарастырды» деп жазды Е.Байкен әлеуметтік желідегі парақшасында.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Дональд Трамп Оңтүстік Каролинадағы праймеризде жеңіске жетті.

2024 жылғы қарашада өтетін президенттік сайлауда Республикалық партия атынан өкілдік ету мүмкіндігі үшін күресте оның басты қарсыласы Никки Хейли болмақ.

AP агенттігінің мәліметіне сенсек, Ақ үйдің бұрынғы басшысы Оңтүстік Каролинада 60,8 пайыз, АҚШ-тың БҰҰ-дағы бұрынғы тұрақты өкілі және штаттың бұрынғы губернаторы Никки Хейли 38,6 пайыз дауыс жинаған.



Беларусь президенті Александр Лукашенко 2025 жылы сайлауға қатысатынын растады.

Ол өзінің сайлауға қатысатынын айта келе, президенттік сайлауға әлі бір жыл барын және бұл аралықта көп нәрсенің өзгеруі мүмкін екенін қосып өтті.

Елдегі президент сайлауы 2025 жылдың 20 шілдесінде өтеді деп жоспарланып отыр.



Газада қаза тапқан палестиналықтардың саны 29 692-ге жетті.

2023 жылдың 7 қазанында басталған ХАМАС пен Израил арасындағы қақтығыс күшейгеннен бері кейбір зардап шеккендердің әлі де үйінді астында қалғаны анықталды.

Синьхуа агенттігінің хабарлауынша, жексенбі күні Газа секторының оңтүстігіндегі шайқаста екі сарбаз қаза тапса, Газаның оңтүстігіндегі шайқас кезінде тағы екі сарбаз ауыр жараланып, ауруханаға жеткізілген.



АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ МА?

Жыл басынан бері 19 делдалдық және сауда үстемесінің асып кету фактісі анықталды. Астана әкімдігінің Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының мамандары сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің өкілдерімен бірлесіп, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесі бойынша елорда базарларының саудагерлерімен түсіндіру жұмысын жүргізді.

«Сауда қызметін реттеу туралы» ҚР Заңының 9-бабына сәйкес (2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544-III), тауарлардың бағасын, өнім берушінің талабы бойынша азық-түлік тауарларын жеткізу шарты жасалатын жағдайларды қоспағанда, ішкі сауда субъектілері дербес айқындайды, онда тараптардың келісімі бойынша шекті сауда үстемесінің мөлшері

белгіленеді. Бұл ретте әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарын жеткізу шартында көрсетілгендей, өндіруші сату бағасының немесе көтерме жеткізушінің сатып алу бағасының шекті сауда үстемесінің мөлшерін 15%-дан аспайтын мөлшерде белгілейді.

Азық-түлік қауіпсіздігін сақтау мақсатында әкімдік қызметкерлері

осындай мониторингті апта сайын жүргізіп келеді. Комиссия мүшелері елорданың ірі сауда нысандарына көшпелі іс-шаралар өткізді. Жыл басынан бері осындай 15 отырыс ұйымдастырылды.

Бүгінгі таңда делдалдықтың 19 фактісі және сауда үстемесінің асып кетуі анықталды. Барлық материал әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін сауда департаментіне жіберілді. Мамандардың мәлімдеуінше, бағаның өсуіне базарлардағы бөлшек саудагерлер мен үй маңындағы кішігірім дүкен иелері себепкер. Осыған орай сауда орындарында баға мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Олар сатушыларды сауда үстемесінің 15%-дан аспауына мән беруді бақылайды.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ МӘСЕЛЕ



Астанадағы Нұра ауданында өткен жалпымектептік «Қауіпсіз орта» тақырыбындағы ата-аналар жиналысы білім беру процесі мен балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру мәселелеріне арналды.

Іс-шара Мемлекет басшысының балалардың құқықтары мен қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау аясында өтті. Жиналысқа «Нұра» ауданы әкімінің орынбасары Әлия Әбсеметова, аудан прокурорының орынбасары Бауыржан Асқаров, Астана қаласы білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев, сондай-ақ мектеп оқушылары қатысты.

– Бүгінде Нұра ауданында 80 мыңға жуық бала оқиды. Бізде барлығы 8 мемлекеттік, 12 жекеменшік мектеп және 2 Vipon мектебі жұмыс істейді. Аудандық құрылымдардың тығыз өзара

іс-қимылының арқасында өмірлік жағдайы қиын отбасылардағы балаларды анықтау бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Осылайша, 2023 жылғы қарашадан 2024 жылғы ақпанға дейінгі кезеңде аудан аумағында 5 ұқсас отбасы анықталып, аталған отбасылардың қажеттіліктеріне сәйкес азық-түлік себеттері таратылды, медициналық қолдау көрсетілді, – деді Әлия Әбсеметова.

Кездесу барысында қатысушылар отбасындағы әлеуметтік жағдай, кәмелетке толмағандар арасындағы суицид пен құқық бұзушылықтың

алдын алу сияқты маңызды тақырыптарды талқылады. Мектептерді ұлғайту және балабақшаларды дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаевтың айтуынша, 2029 жылдың соңына дейін 80 мектеп және 2027 жылға дейін 50-60 балабақша ашу жоспарлануда. Спорт кешендеріне келетін болсақ, жақында 5 нысан пайдалануға берілді.

Жалпымектептік ата-аналар жиналысы барысында оқушылар арасындағы ерте жүктілік проблемалары, қызылша мен коронавирустың көбеюі де қозғалды.

Кездесу соңында қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, өз ұсыныстарымен бөлісті.

Англия мектептерінде ұялы телефонды пайдалануға тыйым салынды.

Жаңа ережелерге сәйкес тәртіпке бағынбағандардың смартфондары тәркіленеді. Оқушылар енді сабақ кезінде гаджеттерге алаңдамайды және тәртібі мен мінез-құлқы жақсарайды.

Директорларға тек арнайы нұсқаулық жіберілді. Смартфондарды үйде қалдыру немесе уақытша бір жерге қоя тұру керек екенін мектептердің өздері шешеді.



Барселонаның Ескі қала аймағында қазба жұмыстарын жүргізген археологтар XIX ғасырдағы шоколад фабрикасының қалдығын тапты.

Бұл жаңалық Гласа-де-ла-Льяна аумағындағы төрт қабатты ғимаратты жөндеу кезінде анықталған. Олардың арасында XIV ғасырдағы ортағасырлық сарайдың қалдықтары, XVII ғасырдағы қоршаулар және XIX ғасырдағы шоколад фабрикасының іздері болған. Тарихи мәтіндерде табылған дәлелдерге сәйкес, сарай бастапқыда Пиа Альмоина деген атпен белгілі Барселона соборының садақханасына тиесілі болған.

СЕРТИФИКАТ ТАПСЫРДЫ

Астаналық «Мүгедек жастар қоғамы» қоғамдық бірлестігі «Бір қадам алға» жобасы аясында көпбалалы аналарға, ерекше балаларды тәрбиелеп отырған әйелдер мен көру қабілеті бойынша мүгедектігі бар азаматшаларға «Цигун» әдісі бойынша тыныс алу жүйесіне арналған массаж бен жаттығуларды үйретіп, сертификаттар тапсырды.



Бұл жобаның жаттықтырушылары – көру қабілеті бойынша I топтағы мүмкіндігі шектеулі жандар. Соған қарамастан, олар көпбалалы және ерекше балаларды тәрбиелеп отырған аналар үшін жаңа мүмкіндіктер қарастырып, жаңа қабілеттерін ашуға тырысуда.

– «Бір қадам алға» жобасы бойынша біз бүгінгі таңда 65 адамға «Цигун» бойынша тыныс алу жүйесіне арналған массаж бен жаттығуларды үйреттік. Алдағы уақытта білім алушылар қатарын көбейтуді жоспарлап отырмыз. Біздің негізі міндетіміз – көпбалалы, ерекше балаларды тәрбиелеп отырған және көру қабілеті бой-

ынша мүгедектігі бар аналарға өзінің сүйікті ісімен айналысуға көмектесу. Нәтижесінде олар осы жерден алған білімді болашақта өз пайдасына жаратады, – деді «Мүгедек жастар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұрат Әбдімомынов.

Бұл курс мамырдың 25-іне дейін жалғасады. Оған 125 адам қатысады. Мұнда жас кәсіпкерлердің көмегімен жеке кәсіпкерлік немесе ЖШС-ті қалай ашу жөнінде, бухгалтерлік есептерді жүргізу және медициналық құралдар түрінде материалдық көмек алу бойынша тегін заң кеңестерін алуға болады.

ХОСТЕЛДЕР ТЕКСЕРІЛДІ

Астанадағы хостелдерде өрт қауіпсіздігіне тексеріс жүргізілді.

Тексерісті ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл бағыттағы жұмыс 18 қаңтардан басталған.

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Мадияр Мырзагелдиевтің айтуынша, бүгінгі күнге дейін елордадағы 78 нысанның өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкестігіне тексеріс жүргізілді. Осындай тағы 9 хостелде жұмыстар жалғасуда.

– Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті хостелдерде жоспардан тыс тексерістер жүргізуде. Тексеріс нәтижелері бойынша 377 өрт қауіпсіздігін сақтамау фактісі анықталды. Оның ішінде нысандардағы шығу жолдарының

жабық болуы, терезелерге темір торлар орнатылуы, өрт қауіпсіздігі құралдарының жоқтығы, дабыл жүйелерінің дұрыс жолға қойылмауы сияқты кемшіліктер жиі кездесті. Өрт қауіпсіздігін сақтамаған нысан иелері әкімшілік жазаға тартылып, оларға ережені бұзу фактілерін жою туралы ұйғарым тапсырылды, – деді Мадияр Мырзагелдиев.

Басқарма бастығының мәлімдеуінше, қала бойынша 107 хостел орналасқан, оның 22-сі өз еркімен жұмысын тоқтатқан. Тексеру жұмыстары жалғасуда.

Бұдан басқа қала бойынша ойын-сауық орталықтарында «Қауіпсіз сауда» атты оқу-жаттығу жұмыстары жүргізіліп жатыр.



№24 (4612) 27/02/2024 Сейсенбі

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕҚАЛА КЕҢІСТІГІМЕН
КӨРІКТІ

Сарыарқа ауданының әкімі Ералы Бауыржанның сөзінше, аудан аумағы «Агроқалашық», «Көктал», «Көктал-2» тұрғын алабын қамтиды. 2018 жылы 16 наурызға дейін аудан аумағы 196,62 шаршы метрді құраса, одан кейінгі уақытта Байқоңыр ауданы еншісін алып, 67,76 шаршы метрге қысқарды.

Аудан аумағындағы көпәтерлі тұрғын үйлердің 60 пайыздан астамы 1933-1999 жылы салынды. Яғни инфрақұрылым мен ескі тұрғын үйлерді жаңарту, аулаларды абаттандыру жұмысы кезек күттірмейді.

Сарыарқа ауданы аумағында 587 аула бар. Оның 142-сі жөндеуді керек етеді. Соңғы 3 жылда 125 аула 32 қоғамдық кеңістік абаттандырылды. 2023 жылы 40 аулада күрделі жөндеу жүргізілді. Оның 24-і халық қатысатын бюджет бойынша жүзеге асырылды. 175 аулада жөндеу-қалпына келтіру жұмысы атқарылды.

2024 жылы 220-дан астам ауланы абаттандыру жоспарланды. Оның ішінде 30 аула халық қатысатын бюджет бойынша жүзеге асады. 190-нан астам аулада жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүргізіледі.

Абаттандыру жұмыстарының нәтижесінде тұрғындар тұрмысының жайлылығын қамтамасыз етіп, сәулеттік келбеті жақсара түседі.

Быттыр Кіші Бейбітшілік, Желтоқсан, Бұхарбай батыр және Ағыбай батыр көшесінде абаттандыру жұмысы жүргізілді. Жау жүргінші жолы кеңейтіліп, брусчатка төселді. Автокөлік қоятын орындар салынды. 100 жасыл желек және жаңа көгал отырғызылды. Көшелерді жарықтандыру бағаналары мен шағын архитектуралық пішіндер – орындықтар, қоқыс жәшіктері орнатылды. Дәл осындай жұмыстар Бөгенбай батыр даңғылының бойында Республика даңғылынан

АТҚАРЫЛАР АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС КӨП

Астана қаласында ең алғаш құрылған әкімшілік аудан – Сарыарқа ауданы. Онда 355 мыңнан аса халық тұрады. Сапалы өмір салтын талап ететін белсенді тұрғындары басым. Бұған қала әкімі Жеңіс Қасымбектің есептік кездесуінде көзіміз жетті.



Уәлиханов көшесіне дейінгі аралықта да жүргізілді. «Шапағат» базарының маңында заңсыз көше саудасы ретке келтіріліп, саудагерлер заңды орындармен қамтамасыз етілді.

АБАТТАНДЫРУ – МАҢЫЗДЫ ЖҰМЫС

Биыл вокзал аумағында ауқымды жұмыс атқарылады. Мәселен, Мәскеу көшесінен Гете көшесіне дейінгі Республика даңғылы, Біржан сал және Гете көшелерінің жаяу жүргіншілер жолы қайта төселеді. Нәтижесінде 4 қоғамдық кеңістік қайта жаңғыртылады. Атап айтқанда, «Жастар» театры, «Ақ Жайық» қонақүйінің маңындағы сквер,

«Чемодандар» сквері және вокзал маңындағы «Паровоз» сквері жаңара түседі.

Өткен жылы 4 қоғамдық кеңістік абаттандырылды, оның 2-і «Көктал-1» және «Агрогородок» тұрғын алаптарында орналасты. Быттыр Күмісбеков көшесі, 7/1 мекенжайы бойынша 20 қабатты тұрғын үй кешенінің құрылысы тоқтатылып, орнына аудан тұрғындары үшін қоғамдық кеңістік ашылды. Мұнда 800-ге жуық ағаш отырғызылып, жергілікті суару жүйесі орнатылып, 700 шаршы алаңға брусчатка төселіп, жарықтандыру бағаналары, орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылды.

Бөгенбай батыр даңғылы, 43/1 мекенжайында орналасқан төтенше жағдайдағы жатақхана бұзылып, орнына жергілікті тұрғындарға қолайлы қоғамдық кеңістік абаттандырылды.

Ал инвесторлар есебінен «Шарын» тұрғын үй кешені ауданындағы Есіл өзенінің жағалауында аллеясы, спорт және ойын алаңдары бар қоғамдық кеңістік жайлы демалыс орнына айналды.

Сарыарқа ауданы – жасыл желекке оранған аумақтың бірі. Дегенмен атқарылған жұмысты жалғастырып, көгалдандыруға көңіл бөлінеді. Аудан аумағында 81 алаң, қоғамдық орын және Көктал саябағы бар. Онда 60 мыңнан астам ағаш (ағаш – 55187, бұта – 11995, көгал – 707 506 шаршы метр) көктем түр. 2023 жылы абаттандыру бағытында 16 мыңнан астам жасыл желек отырғызылды (ағаш – 2900, бұта – 2133, көгалдар – 14 199 м2, көпжылдық

өсімдіктер – 9 616 дана).

Биыл 3 мыңнан астам ағаш, 1 мың шаршы метр көпжылдық өсімдік отырғызылады. Қолданыстағы 5 саябақ – Жастар-2, Илюзий, Чемоданов, Пушкин, Үлімжіұлы алаңында суару жүйесін жетілдіру жоспарланды.

ЖАРЫҚ ҚАЛА – ҚАУІПСІЗ

Сарыарқа ауданында атқарылуы тиіс ауқымды жұмыстар – көшені және декоративті жарықтандырумен қамтамасыз ету. Ауданда барлығы 330 көше мен аллея болса, оның ішінде 300 көше жарықтандырылды. 297 көшеге жарықдиодты жарықтандыру орнатылды. Быттыр жарықтандыруы болмаған 17 көшеде жұмыс жүргізілсе, биыл көшелердің 13 учаскесін жарықтандырып, аспалы кабель желісін бұзып, ескі тозығы жеткен көше жарықтандыру бағандары ауыстырылады. Өткен жылы 191 нысанда сәндік жарықтандыру орнатылды.

Қаладағы өзекті мәселенің бірі – санитарлық тазалау. Бұл жұмысқа 22 мердігер компания жұмылдырылды. Осы бағыттағы жұмысты жандандыруда 580 бірлік технология мен 660 адам тартылды.

Қыс басталғалы 1,1 миллион текше метр қар шығарылды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 80 мың текше метрге артық. Ауқымды жұмыстарды сапалы атқаруда техника саны арттырылып, 13 пайызға жетті.

Өткен жылы рұқсат етілмеген 27 полигон жойылып, 20 мың тонна құрылыс қалдығы шығарылды. 605 хаттама тол-

быттыр Сарыарқа ауданының 12 орталық көшесіне, Агрогородокта – 4 көше, Көктал-1 – 5 көшеге асфальт төселді. Биыл орталықтағы 6 көшеге және Агрогородокта – 9, Көктал-1 – 5 көше орташа жөндеуден өтеді.

Ауданда 371 аялдама кешені бар. Оның 64-і – жабық типті. 2023 жылы қосымша 6 жылы аялдама орнатылса, биыл 15 жылы аялдама орнатылады.

Бүгінде Сарыарқа ауданында 53 қоғамдық көлік қызмет көрсетеді. 2023 жылы елді мекенде 3 бағыт іске қосылды (№49, №42, №328). Автобустарды көбейту мәселесі қаралуда (№54, №32, №7, №120, №50).

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРЕЛЕДІ

Елорда бойынша бірінші газдандырудың игілігін Сарыарқа ауданының тұрғындары көрді. Бүгінде 4970 абонентке көгілдір отын қосылды. Тұрғын алаптарда орналасқан барлық 17 әлеуметтік нысанды газдандыру жұмыстары аяқталды.

204 үй орналасқан 1000-нан астам адам тұратын «Нұр-Бесік» шағын ауданын дамыту – маңызды мәселе. 2007 жылы тұрғындар қоныстана бастаған аумақты абаттандыру және жер учаскелерін заңдастыру мәселесі 15 жылдан бері күн тәртібінен түспей келген-ді. Быттыр оң шешімін тауып, тұрғындар жер учаскесін жеке меншігіне рәсімдеуде. Ең қуантатыны, бұл аумақта инженерлік желі – жол құрылысы, сыртқы жарықтандыру, жылы аялдамалар, бейнебақылау камералары және интернет желісі орнатылды.

Дәл осындай өзекті мәселе 200-ге жуық тұрғын үйі бар «Жасыл ел» тұрғындарына да қатысты болған-ды. Бүгінде мұнда су және кәріз жүйесінің құрылысы аяқталып, үйлерді су коммуникациясына қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Көктал-2» тұрғын алабында өрт сөндіру депосының құрылысы аяқталып, жақын арада қолданысқа беріледі. Қарасай батыр – Буланты көшелерінің қиылысында 1200 орындық мектеп құрылысы аяқталып,

ЖОЛДАРДЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Расында, елдің саяси орталығындағы көшелер сымдай түп-түзу, теп-тегіс болуы керек. Қала қонақтары елордаға қарап, тұтас елге бағасын береді. Өйткені өркениетті елдің бір өлшемі – сапалы жолдан көрінеді.

Жол инфрақұрылымы туралы айтқанда, асфальттанған жол ғана емес, көпфункционалды бағдарламалар, жол бойындағы жылы да жайлы аялдама кіретіні



анық. Сарыарқа ауданында ұзындығы 314 шақырымды құрайтын 315 көше бар. Оның 268 көшесіне асфальт төселінсе, 47-сі – қара жол.

есігін ашты. Аудан аумағында «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында Көктал-1, 2 тұрғын алаптарында 2 мектептің құрылысы жүргізілуде.

P.S: Есептік кездесудің екінші бөлігі сұрақ жауап-қа ұласып, тұрғындар толғандырып жүрген ойларын ортаға салды. Әсіресе, заңсыз тұрғын үй құрылысына шектеу қоюға екпін бере сөйлегендер көп болды. Сондай-ақ қаңғыбас иттерді құрықтап, кәріз жүйесі мен суағарды жүйелеп, саябақ пен скверлерді құрып, спорт кешендері мен медициналық нысандарды көбейтуді ұсынды. Жиынды қорытындылаған қала басшысы Жеңіс Қасымбек істеліп жатқан жұмыс көп, алайда істейтін жұмыс одан да ауқымды екенін айтып, әріптестерін іске сергек қарауға шақырды.

Бірінші: науқастар қажет деген дәрігерлеріне уақытында жазыла алмайды. Бітпейтін ұзын-сонар кезек. Келесі айдан келесі айға сілтеу.

Екінші: Науқастар дәрігердің алдына ұзақ күткен кезегі келгенімен, енді қажетті анализдер тапсыруға жолдама алу үшін тағы кезекке тұруға тура келеді де, кезегі келесі айдан келесі айға сырғылады.

Үшінші: анализдеріне жолдама алып, нәтижесін қолға алғаннан кейін, диагностикалық аппараттарға түсуге жолдама алу үшін тағы да кезекке тұруға тура келеді.

Төртінші: диагностика тұрақталып, ауруханада ем алу үшін, болмаса операция жасатуға тағы да күтеді...

Бесінші: ауылдан аудан орталығына, ауданнан облыс орталығына шұбырған, кезек күткен халық...

Алтыншы: көрсетілген медициналық қызмет сапасы және нәтижесі көңіл көншітпейді.

Жоғарыдағы бітпейтін кезектер, күтулер, сапасыз және нәтижесі төмен медициналық көмектің кесірінен ай сайын МӘМС-ке жарна төлеп отырса да, кейбір науқастар кезек күтіп өлетін емес, өз ақшасымен немесе қарызға кіріп, ақыры жекеменшік лабораторияларға, жекеменшік орталықтардың ақылы қызметтеріне жүгінеді. Ал қаражаты жоқ науқастар кезегін күтіп жүріп ауруын асқындырады немесе мезгілсіз о дүниеге аттанады. Осынша бітпейтін кезектен шаршаған жұрт МӘМС жүйесінен бас тартып, бұрынғы жүйеге оралуды талап етуде. Алайда негізгі себеп тек қана МӘМС жүйесінде емес, Денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар бойы қордаланған мәселелердің уағында шешілмеудің жатқанын жұрт түсінбей отыр. Біз төменде МӘМС жүйесі негізінде денсаулық сақтау саласында үлкен өзгерістер жасай отырып, қордаланған мәселелерді шешудің жолдарын ұсынамыз.

Бірінші: қор денсаулық сақтау министрлігіне қарамауы керек. Ұлттық экономикалық министрлігіне немесе халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қарату керек. Денсаулық сақтау министрлігі өзі тапсырыс беруші, өзі орындаушы, өзі бақылаушы бола алмайды.

Қорда маманданған тәуелсіз мамандар, эксперттер жұмыс істеуі керек. Олар медициналық көмектің сапалы болуына, қажетті көмектің уақытында, тез көрсетілуіне, жасалған емнің нәтижелі болуына, жұмсалған қаржының орнымен қолдануына толық мониторинг жүргізуі қажет. Егер сапасыз немесе қате, қажет емес медициналық көмек беру байқалған жағдайда фактілерге негізделіп, сол қызмет бойынша қаржыландыруды тоқтатуға, тексерістер жүргізуге құқылы болуы керек. Өкінішке қарай, қазірге дейін қор тек медициналық мекемелердің толтырған аурухананың



МӘМС-КЕ ЖҰРТ НЕГЕ НАРАЗЫ?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) туралы реформалар жасалып, атқарыла бастағанына бірнеше жыл болды. Алайда бұл реформалар жұрттың көңілінен шығып жатқан жоқ. Өз уағында мемлекеттен медициналық көмек ала алмаған жұрттың наразылығы күннен-күнге күшейіп, МӘМС жүйесін алып тастауды талап етушілер көбеюде. Алайда осы жүйе бойынша туындаған мәселелердің басын ашып, себептеріне талдау жасап, салдарын саралаған денсаулық сақтау министрлігі жоқ. 2023 жылы МӘМС бойынша 2,5 триллион теңге жұмсалған. Бұл 2020 жылғы бюджеттен екі есе көп. Алайда медициналық қызмет көрсетудің сапасы екі есе жақсарып кеткен жоқ.

ақпараттық жүйесіне (ГИС) ғана сүйеніп бағалай алады. Ал мемлекеттік сатып алуларды мүлдем бақылай алмайды.

Екінші: Қор тек қаржы бөлумен ғана шектелмеуі керек, онда жұмыс істейтін тәуелсіз мамандар, эксперттер Денсаулық сақтау министрлігінің, медициналық мекемелердің, мемлекеттік сатып алу жүйесіне толық мониторинг жасап отыруы керек. Егер заңсыздықтар орын алған жағдайда, нарықтағы бағаға сәйкес емес келісімшарттар жасалған жағдайда қор өз атынан қорытынды беріп, қатысты органдарға мәлімдеуге мүмкіндігі болуы керек.

Үшінші: Қор ауырмаған, өз денсаулығын күткен салымшыларына салған қаржысының мәлім бөлігін сыйлық ретінде таратып, жұртты өз денсаулығын күтуге, қорғауға қызметті тұтынушылардың құқы қорғалады.

Төртінші: қор медициналық мекемелердің медициналық аппараттармен жабдықталу көрсеткішінің ең төменгі шектегі жабдықталуын, медициналық мекемелердің медициналық аппараттар паркінің үнемі

жаңалануын, медициналық анализ, диагноз көрсеткіштеріне мониторинг жасап, бақылап, бағалауы керек. Егер қажетті стандарттарға сәйкес келмейтін медициналық мекемелер байқалса, дер кезінде денсаулық сақтау министрлігіне мәлімдеп, стандарттарға сәйкес емес медициналық мекемелерді қаржыландыруды тоқтату керек.

Осындай бақылау-бағалау, мониторинг жасау арқылы қаржыландырушы, яғни тапсырыс беруші жақ оны орындаушы тарапқа қажетті талаптарын қойып, төленетін қаржының есебін, өтелетін қызметтің сапасын сұрау арқылы Денсаулық сақтау министрлігін тәуелсіз тұрғыда бағалап, бақылап, осы саланың дамуына қозғаушы күш болады. Сонда ғана таза нарықтық қарым-қатынас орнап, қызметтің сапасы, тездігі артатын болады. Медициналық қызметті тұтынушылардың құқы қорғалады.

Ал Денсаулық сақтау министрлігі қордың талаптарына сай сапалы қызмет көрсету үшін не істеу керек?

Бірінші: СК-Фармация атанған монополиялық ком-

панияның қызметінен бас тартып, толық таратылуын талап ету керек. Ашық бәсеке, нарық заңымен қызмет істейтін жеке компаниялардың жұмыс істеуіне мүмкіндік беру керек. Осылай істеген жағдайда мыңдаған түрлі дәрі-дәрмектер, медициналық расход-материалдарды арзан бағада сатып алуға, уақытында



Ал қаражаты жоқ науқастар кезегін күтіп жүріп ауруын асқындырады немесе мезгілсіз о дүниеге аттанады. Осынша бітпейтін кезектен шаршаған жұрт МӘМС жүйесінен бас тартып, бұрынғы жүйеге оралуды талап етуде

панияның қызметінен бас тартып, толық таратылуын талап ету керек. Ашық бәсеке, нарық заңымен қызмет істейтін жеке компаниялардың жұмыс істеуіне мүмкіндік беру керек. Осылай істеген жағдайда мыңдаған түрлі дәрі-дәрмектер, медициналық расход-материалдарды арзан бағада сатып алуға, уақытында

есептен шығарып, утилизация жасау керек. 2004 жылдан 2014 жылға дейінгі өндірілген медициналық жабдықтарға 10 жылға арналған кесте жасап, медициналық аппарат паркінің жаңаруына толық қол жеткізу керек. Олай істемеген жағдайда Екібастұздағы жылу электр станциясының тағырын медициналық мекемелер қайталайтын болады. Совет одағынан бергі келе жатқан емхана-ауруханалардың инженерлік жүйесін жаңалау да – кезек күттірмейтін мәселе....

Төртінші: Семейдегі орман өртіне байланысты Президент апат болған жағдайда дайын тұрған «жұмыс алгоритмі» жоқ деді. Ковидке қарсы күрес кезінде, өткендегі Астана қаласы бойынша электр жарығының өшуі кезінде көптеген ауруханалар абырап қалды. Медициналық жабдықтардың техникалық жағдайына байланысты дұрыс диагностикаға, адам денсаулығына, өміріне қауіп төндіретін жағдайлар болған кезде кімдер жауапты, кімдер жауапкершілік алу керек деген біртұтас стандарттар-клиникалық мекемелердің құқықтарын қорғауға мүмкіндік болады. Ең бастысы, миллиардтаған қаржы үнем болып, шығындар азаяды. СК-Фармацияның монополиясы тұрғанда Қазақстан медициналық нарығында ашық бәсеке, нарыққа сай баға, қызмет көрсетуі болмайды. Сондай-ақ алып ұлттық монополист компаниямен медициналық мекемелердің тең тұрғыда тұрып, сапалы, нарыққа сай тауар талап етуі, заңсыздықтар болған жағдайда сотқа жүгініп, жеңіп шығуы мүмкін емес.

Екінші: «Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» сияқты мемлекеттік сараптау орталықтарының жұмыстарын ретке келтіріп, клиникалық-техникалық негіздеме, оңтайлы техникалық сипаттағы сараптама, бірыңғай техникалық спецификация қатарлы қаптаған қажетсіз бюрократиялық сараптама қызметтердің орнына таза ашық бәсекеге жол ашатын сатып алу жүйесін жасау керек. Ескірген медициналық паркін жаңарту үшін жоғарыдағы сараптама жасаудың не қажеті бар? Онысыз да мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық мақсаттағы бұйымдармен жабдықтырудың ең төменгі стандарттары бекітілген. Сол стандарттарға жету үшін медициналық жабдықтарды жаңарту үшін көп сараптама жасап, медициналық ұйымдардың медициналық паркін жаңартуға кедергі келтіретін жүйені алып тастау керек. Ал жаңа жобалар үшін бизнес жоспарларға сараптама жасату жеткілікті.

Үшінші: Денсаулық сақтау министрлігі республика бойынша медициналық мекемелердің жабдықталуына толық және шынайы мақсатта мониторинг жасап, алдағы үш жылда 2004 жылдан әрі қарай өндірілген медициналық жабдықтарды мемлекет бойынша

болатын операциялар, шұғыл жағдайда нақты, жедел көмек беретін әрбір медициналық мекемеде жұмыс істейтін жоқ дегенде бір клиникалық инженер штаты болуы керек. Әрі оларға арналған курстар ашып, біліктілігін арттыруды, сертификаттауды міндеттеу, медициналық мекемелердің техника-технологиялық мүмкіндігін жоғарылату, сервистік қызмет көрсету кезінде болатын қауіп-қатердің алдын алу, біліксіздіктен болатын қауіп-қатердің алдын алу, құқықтық міндеттердің айқын болмауынан болатын тәуекелдерді азайту қажет.

Бесінші: 21 ғасыр – вирустардың, жұқпалы аурулардың ғасыры. Одан шығудың жалғыз жолы – ол вакциналау. Халықтың қазіргі вакцинаға деген сенімсіздігі жоғары шекке жетті. Халықтың сенімін қайтару үшін, вакцинаны тендер не конкурс арқылы сатып алуды толық жойып, халықаралық қауіпсіздіктер мен стандарттарға сай, сапалы вакцина шығаратын компаниялармен тікелей келісімшарттар жасап, елге сапалы вакцина жеткізу керек. Сонымен бірге вакцинаны тасымалдау, сақтаудың біртұтас инженерлік жүйесін жасап, біртұтас стандарттарға келтіру керек. Осы жағдайларды шешкен кезде елімізде вакцинаға деген сенім де артады, сапасына да көзі жетеді. Сонымен бірге маусымдық және кездейсоқ жұқпалы аурулар азайып, еліміздің денсаулық сақтау саласына бөлген бюджет қаржысын үнемдеуге болады.

Серік МҰРАТХАНҰЛЫ,
«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ
медициналық аппараттар бөлімінің бас инженері

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫҢ КЕМШІЛІКТЕРІ

- 1 Науқастар қажет деген дәрігерлеріне уақытында жазыла алмайды. Бітпейтін ұзын-сонар кезек. Келесі айдан келесі айға сілтеу
- 3 Анализдеріне жолдама алып, нәтижесін қолға алғаннан кейін, диагностикалық аппараттарға түсуге жолдама алу үшін тағы да кезекке тұруға тура келеді
- 5 Ауылдан аудан орталығына, ауданнан облыс орталығына шұбырған, кезек күткен халық...

- 2 Науқастар дәрігердің алдына ұзақ күткен кезегі келгенімен, енді қажетті анализдер тапсыруға жолдама алу үшін тағы кезекке тұруға тура келеді де, кезегі келесі айдан келесі айға сырғылады
- 4 Диагностика тұрақталып, ауруханада ем алу үшін, болмаса операция жасатуға тағы да күтеді...
- 6 Көрсетілген медициналық қызмет сапасы және нәтижесі көңіл көншітпейді



Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

ҰБТ-дан НЕ ҰТТЫҚ?

Тәуелсіздікпен қатар қаз тұрған сала, алғашқы онжылдығынан кейін еңбекте жүріп тіктелген сала, отандық білім жүйесіне енген жаңалықтың бірі – ұлттық бірыңғай тестілеу болатын. Алғашқы жылдары ұлттық бірыңғай тестілеуде білім гранттары қазақ және орыс топтарын бітірген түлектерге теңдей 50/50 принципімен бөлініп келді. Кейін қазақ мектебін бітіруші түлектердің үлес салмағы анағұрлым көп болғандықтан, пайыздық үлес салмақ ескерілетін болды.

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМЫЗ ДЕСЕҢ, МЕКТЕБІНДІ ТҮЗЕ

Мемлекет басшысы еліміздегі білім беру ісіндегі, ұрпақ тәрбиелеудегі қордаланған, қазіргі әлемдегі ахуал өте күрделі және құбылмалы бола отырып, күн өткен сайын қарама-қайшылықтары тереңдеп келе жатқан, ұлттық қауіпсіздігіміз үшін аса маңызды мәселелерге ерекше көңіл бөліп келе жатқанын жақсы білеміз. Ұлытаудағы Ұлттық құрылтайда да, үстіміздегі жылғы Қазақстан халқына Жолдауында да, I Республикалық педагогтар съезінде де мектеп жағдайын, ұрпақ тәрбиесін, маман даярлау саласының қадау-қадау проблемаларын жіктеп көрсетіп, ел алдындағы, ұлт алдындағы аса маңызды міндеттерді анықтап берді. Президент Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайда: «Ал енді мақсатымызға жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруі тиіс. Әйтпесе, басқа реформаның



Астана қаласы бойынша 2024 жылы бітірушілер саны – 11 132 адам. ҰБТ-ға қала бойынша қаңтар айына Ұлттық тестілеу орталығына (арр. testcenter.kz. немесе УТО қосымшасы арқылы) 5 446 түлек тіркелді. Тестілеу 2024 жылдың 18 қаңтар мен 10 ақпан аралығында өтті. 1-31 наурызда өтетін тестілеуге тіркелу бүгін басталады, база енді ашылады. 10 наурызда наурыз айында өтетін ҰБТ-ға тіркелген бала саны белгілі болады.

бәрі бекер» дей келе, қазіргі күндегі халықаралық ахуалдың бұрын-соңды болмаған деңгейдегі шиеленісіне назар аударатын: «Бір-біріне мүлде қайшы келетін түрлі идеялар мен ұстанымдар қақтығысы белең алды. Бұл қақтығыс геосаясатта немесе экономикада ғана болып жатқан жоқ. Тіпті мәдениет пен руханиятты, құндылықтар жүйесін, басқаша айтқанда, идеология саласын да шарпуда» деген болатын.

Қысқасы, М.Әуезов айтқан «Ел боламын десең, бесіңді түзе» деген ұстанымды «Әділетті Қазақстан құрамыз десең, мектебінді түзе» деген терең

ұғыммен жалғастыруымыз керек. Бүгінгі күннің талабы, міне, осы.

ЖЫЛ АЙНАЛЫП, БІЛІМ САПАСЫ АНЫҚТАЛАТЫН КЕЗ

ҰБТ тапсыру жоғары оқу орнына грант жеңіп алуға ниетті кез келген түлекке міндетті. Оқушы мектеп қабырғасында алған білімін қорыта отырып, жүзден жүйрік атануға бар күшін салады.

Тест тапсыру үшін оқушылар бірнеше сатылардан өтеді. Ең әуелі, ҰБТ тапсыруға өтініш қалдыру. Жас түлек «ҰБТ-ға

өтініш үлгісі» арқылы құжат толтырады. Бірқатар мәліметтер жиналған соң, толықтай сынақ орнына жіберіледі. Жыл сайын ҰБТ-да бірқатар өзгертулер болып жүр, жылдан жылға жетіліп келеді. 2020 жылы талапкерлер тікелей көрсетілген видеокamera арқылы тест тапсырса, 2021 жылдан бастап түлектер қағазсыз компьютер арқылы алған балы көрсетілетін жаңа формада тапсырды.

Жалпы, бұған дейін әрбір оқушыға тест тапсырмалары бар кітапша берілсе, енді дербес компьютер ұсынылған. Түлектер мамандандырылған орталықтарда компьютер арқылы

тапсырады. ҰБТ-ға дайындық барысында түлектер бірнеше қайтара тестілеуден өтумен шындала білді. Әрине, қорытынды балдары да көңіл қуантуы керек.

2020 жылдағы ҰБТ нәтижелері салыстырмалы түрде жоғары болды. Оқушылар арнайы орталықтарда карантиндік ережелерді сақтай отырып, сынақтан өтті. Түлектерге жаңа оқу жылында бірқатар өзгерістер енгізе де, жоғары өрлеу байқалды. Оқушылар таңдаған пәндерін жетік меңгеруге күш салды. Міндетті және бейінді пәндердегі оқлықтардың да орны толықтырылды.

Міндетті пәндер болып табылатын тарих, математикалық және оқу сауаттылық жағынан сұрақтардың ақсап тұрған тұстарының кем-кетігі түзелді. Жүйесіз сұрақтар ретке келтірілді.

2021 жылдың жаңалығы сол, грант иегері атану үшін түлектер екі рет сынақтан өтті. Екі тестілеуден өткен оқушының ең жоғары балл көрсеткіші грант ұтып алу үшін байқауға алынады. Сонымен қатар, ақылы оқуға түсу үшін де шекті балл жинау міндеттелді.

2021 жылдан бастап ұлттық бірыңғай тестілеу онлайн түрде жүреді, тестілеу орталықтары алдын ала дайындық жұмыстарын қайта-қайта пысықтайтыны белгілі.

Ереже бойынша тестілеушілер сәуір-маусым аралығында ҰБТ-ны екі рет тапсырып, ең жақсы нәтижені грант иелену үшін конкурсқа жолдай алады.

Ұлттық тестілеу орталығының мәліметінше, ҰБТ тапсыратындар үшін тестілеу уақыты 4 сағат бөлінген. Компьютерлік тест тапсыру кезінде оқушы-

ларға екі рет үзіліс беріледі. ҰБТ басталған соң бір сағаттан кейін көзді тынықтыру үшін екі минут, екі сағаттан кейін 15 минут беріледі. Осы уақытта түлектер ажетханаға шығып, демала алады.

ҰБТ ҚАЛАЙ ӨТПІ ЖҮР?

Былтыр түлектердің 83 пайызы шекті балл жинады. Бұл туралы Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев Орталық коммуникациялар алаңында айтты. «2023 жылы 162 мың талапкер ҰБТ тапсырды. Оның 135 мыңы шекті балл жинады, бұл – қатысушылардың жалпы санының шамамен 83%-ы. Орташа балл – 73, ең жоғары көрсеткіш – 137 балл» деді спикер.

ҰБТ-ға қатысты соңғы жаңалықтар, ол – таңдау пәндері. Бейіндік пәндердің сұрақ санын 40-қа, ал балл санын 50-ге өсіріп отыр. Бұлай жасалу себебі, ол – тапсырушы түлек дайындығын жеңілдету және жастардың еліміздің тарихын ұмыттырмау. Мақсатты іске асыру үшін «Қазақстан тарихы» пәнінен 20 балл мен сұраққа өсіріп, ал «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» пәндерінен сұрақ санын 10-ға дейін, балл санын да 10-ға кемітті.

Жаңа өзгерістер еніп, мемлекет ҰБТ жүйесін тапсырушы түлекке ыңғайлы етіп дамытуда. Мысалы, 2018-дің түлегі ҰБТ-ға дайындалу үшін бірнеше сағат жол жүруі тиіс болса, ал қазір елдің кез келген бөлігінен үйінде отырып-ақ дайындала алады, яғни өзінің уақытын, энергиясын, ақшасын жолға емес, білімін шыңдауға жұмсай алады. Талапкерлерге енді тек таудай талап, терең еңбек, бармақтай бақ керек.

ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТУГЕ ҮЛЕС ҚОСАДЫ

Оқушылардың ғылыми-техникалық бағыттағы білімін арттыру, зерттеушілік мәдениетке тәрбиелеу, 3D модельдеу, робототехника және IT бағытын меңгеруге үйрету – мектеп қабырғасынан-ақ бастау алатын мүмкіндіктер. Жастайынан инновациялық жобаларын ұсынуға ұмтылған жастардың тың жобаларын қолдау мақсатында жақында Астанада робототехникадан Central Asia FIRST халықаралық чемпионаты аяқталып, тартысты сайыста топ жарған үздіктер анықталды. 100 мектеп командасы қатысқан додада астаналық озық ойлы жасөспірімдер бас қосқан «Дарынды қыз балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатының оқушылары жеңімпаз атанды.

Индира
БЕРЖАНОВА

Central Asia FIRST халықаралық чемпионаты – осымен екінші жыл қатарынан өткізіліп келе жатқан робототехникадан Орталық Азиядағы ең ауқымды дода. Жоба арқылы әлемді өзгертуге үлес қосамын деген жастарды біріктіретін бірегей алаңға биыл БАӘ, Қырғызстан, Гонконг, Өзбекстан мемлекеттерінің және еліміздің әр өңірінің командалары қатысты. Чемпионатқа қатысушылар оқу жылы бойы креативті индустрия бағытында инновациялық жобаларын ойластырып, шыңдаумен жұмыс істеді. Үш күнге созылған жарыс барысында түрлі тақырыптағы жобаларды таныстырды. Әр жобаның басты мақсаты – еліміздің өнер саласындағы өзекті мәселелерді шешуге атсалысу.

«Үздік инновациялық жоба» аталымында жеңімпаз қалалық «Дарынды қыз балаларға арналған «Білім-инновация»

лицей-интернатының оқушылары тың идеяны ұсынумен ерекшеленді. Мектептің «Stay Hydrated» тобы үнемі осындай чемпионаттардан шет қалмайды. Топ мүшелері екі жыл қатарынан жарыстарға қатысып, белсенділік танытып келеді. Мәселен, осыған дейін Алматы қаласында өткен Tech Cup чемпионатында инженерлік қабілеттері дамыған ең үздік топ ретінде танылса, биыл Үндістанда өткен халықаралық жарыста да бақ сынап, жеңіс тұғырынан көрінді. Әр жарыс сайын жобасын жетілдіріп отыратын топ бұл жолы Орталық Азия елдері арасында жеңімпаз атанды. Ізденімпаз қыздардан құрылған топ додаға қазан айынан бастап қызу дайындалды. 9-сынып оқушыларынан жасақталған топта жеті адам бар. Әрқайсысының өз міндеті де айқындалған. Топта қыздардың бірі жоба сайтын, Telegram желісіндегі парақшасын жасап, SMM-мен айналыса, енді бірі жоба қаңқасын құрайды. Бағдарламалау, дизайн

және робототехника саласына маманданған оқушылар осы бастан-ақ IT-саласына үлкен қызығушылық танытуда.

Аталмыш чемпионатта қойылған басты талап – оқушыларға ұсынған жобалары арқылы қандай да бір өзекті мәселенің шешімін табу. «Stay Hydrated» тобы жарыста «LEDdom» атты жоба ұсынды. Бұл туралы топтың тәлімгері, «Дарынды қыз балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатының информатика пәні мұғалімі Мәншүк Даку кеңірек айтып берді.

«Қыздардың ұсынған жобасы – домбыра үйрететін Arduino қосымшасы еді. Ол ұлттық аспапты үйренемін дейтін пайдаланушыларға арналды, бұл жоба арқылы музыкалық аспапты жетік білу бойынша арнайы курстарға барудың қажеті жоқ, пайдаланушылар өздері-ақ үйреніп алады. Led – жарық, dom – домбыра мағынасында қойылған жобаның басты идеясы – адамның шығармашылық қабілеттерін



дамытуды жеңілдету. Яғни бұл әлеуметтік желідегі бейне сабақтар мен курс мұғалімдерін алмастыруға мүмкіндік береді. Жоба әркімге домбыраны өз бетінше меңгеруге үйретіп қана қоймай, перне ретін есте сақтап, ноталарды тез жаттауға көмектеседі» деді М.Даку.

Бағдарламалаумен айналысқан топ басшысы Мерей Мұратова жобаны қараша айында өткен жарыста ұсынып, әр дода барысында өзгертіп, қосымша функцияларын енгіздік дейді.

«Домбыра мойнына жарық шамдарды жабыстырып, Arduino қосымшасымен байланыстырдық. Одан кейін қосымшаға күйлердің сандық ноталарын енгіздік. Яғни бағдарламаны қосып, күй шертерде үстіңгі ішегі – жасыл, астыңғы ішегі – қызыл, қос ішегі – көк түсте жанады. Жылдамдықты азайтып көбейтуге, алдына арқа жылжуға не тоқтап қайтадан бастауға мүмкіндік

беретін арнайы функциялары да қарастырылды. Көзі нашар көретін адамдарға да жобаның пайдасы орасан, себебі олар кез келген күйді түрлі-түсті жарықтың көмегімен шерте алады. Жобамыздың басты мақсаты – ұлттық аспапты ұлықтап, көптің үйренуіне себепкер болу» деді топ басшысы.

Ізденімпаз, амбицияға толы жас инженерлердің ендігі мақсаты – жобаларын көпшілікке таныстырып, нарыққа шығару.

«Алдағы уақытта бірнеше күй қосып, домбыра үйрену жолын жеңілдеткіміз келеді. Әр қазаққа домбыраны үйретіп, патриоттық сезімін оятып, ұлттық аспапты әлемдік деңгейде ұлықтау – басты міндетіміз. Бұл жобаны стартап ретінде танытып, демеушілерді тарту арқылы үлкен баспалдақтарға көтерілу ойда бар. Себебі жобаға сұраныс бар екенін білдік. Чемпионат барысында келушілер, әсіресе балалар қатты қызықты. Өзгелердің

кері байланысы әрі қарай алға жылжуға шабыт сыйлап, бойымызға қанат бітіреді. Сондықтан біз дамуды тоқтатпаймыз» деді Мерей.

Оқушылардың айтуынша, мектепте бағдарламалау негіздерін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Сөздерінше, жобаларын жүзеге асыруда мұғалімдердің қолдауы мен салалық пәннің берері көп болды.

Робототехника не «ақылды» құрылғыларды бағдарламалау – инженерлік бағдардың негізі әрі заман талабы. Бүгінде оқушылардың басым бөлігі техниканың қыр-сырын меңгеріп, өз жобамды әлемге танытсам дейді. Ал бұл жолда бағдарлама дағдыларын меңгерген жастар үлкен өмірге қадам басқанда, алдағы сын-кедергіге сақдай сай тұрады. Озық IT маманы, мықты инженерлер мектептен-ақ тәрбиеленіп шығады. Ең бастысы, ұсынған стартап-жобалары қоғам игілігіне жұмсалады.

Елорданың №1 көпсалалы қалалық ауруханасында сирек кездесетін Меньер ауруын емдеу бойынша 2019 жылдан бері 30-дан астам бірегей ота сәтті жүргізілді. Меньер – кенеттен бас айналу, жүрек айну, құсу және есту қабілетінің жоғалуы арқылы белгі беретін құлақтың ішкі жағының ауруы. Өте сирек кездесетін дерт болса да, белгілері қатты әлсіретіп, ауырғанда адам төзгісіз етеді. Жақында оны емдеудің тиімді тәсілдері арқылы тағы бір ота жасалды.

Райхан
РАХМЕТОВА

СИРЕК АУРУДЫ ЕМДЕУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСІН ТАПТЫ

Бұл ауруды француз дәрігері Проспер Меньер зерттеген. Бас айналып, бас ұстамасының қайталануымен, зақымданған құлақ ішіндегі шудың кесірінен есту қабілетінің бірден төмендеуімен пайда болатын ішкі құлақтың ауруы көбіне 30-50 жас аралығындағы адамдарда көп кездеседі. Бұл ауруға басынан жарақат алған, құлағы жарақаттанған немесе суық тигізген адамдар жиі ұшырайды. Бастық айналуы, бас ұстамасының қайталануы беруінен науқас тіпті жүре де, отыра да алмай қалады. Сондай кезде науқасты жатқызып, аяқ-қолын жылы ұстау қажет. Жүрек айну, құсу, тершендік, қан қысымының төмендеуі – аурудың алғашқы белгілері. Дер кезінде ем қабылдасамаса, бұл дерт керендікке әкеліп соғады.

Аурудың этиологиясы белгісіз, медициналық қауымдастық Меньер ауруының пайда болуына байланысты бірнеше теория айтады. Бүгінге дейін Қазақстанда ауру тек амбулаториялық жағдайда емделді. Бірінші ота 2019 жылдың тамыз айында Астанадағы №1 қалалық аурухананың қабырғасында жасалды. Осындай диагнозы бар және алғаш ота жасалған науқас жылдар бойы аурудың белгілерінен зардап шегіп келген. Уақыт өте келе ол тұрақты, созылмалы түрге айналған ұстамасын азайтсам деген үмітпен неврологиялық, оториноларингологиялық амбулаториялық емге жүгінеді.

– Жасалған отадан кейін үш сағат өткенде біз науқастың жанына бардық. Ол, ең алдымен, бас айналуы біраз қойғанын айтты. Келесі күні науқас өздігінен орнынан тұрып, екі күннен кейін палатада жүре алатын болды. Бұл күндері ол – өмір сапасын қалпына келтірген белсенді адам. Отаға дейін үнемі басы айнала бергенің кесірінен өздігінен



қозғала алмайтын жағдайда болғанын ескерсек, оның отадан кейін өзі жүре алуы керемет нәтиже деуге болады, – дейді Астана медицина университеті лор аурулары кафедрасының доценті, медицина ғылымдарының кандидаты Әділ Мұстафин.

2024 жылдың 12 ақпанында Меньер ауруы бойынша тағы бір ота жасалды. Меруерт деген науқасқа бірнеше жыл бұрын осы диагноз қойылып, ұзақ уақыт

бойы консервативті терапия алса да, емі оң нәтиже бермеген. Дәрігерлердің айтуынша, мұндай Астана медицина университеті лор аурулары кафедрасының доценті, медицина ғылымдарының кандидаты Әділ Мұстафин.

– 7 жыл бойы құлағымнан шуыл кетпей, бұл ауру мені әбден мазалады. Жүрсем болды құлайтынмын, жүрегім айнып, құса беретінмін. Осы аурудан

есту қабілетім төмендеп кетті. Мені емханадан «госпитализация бюросы» порталы арқылы ауруханаға жіберді. Отадан кейін өзімді әлдеқайда жақсы сезінемін, айналамды жақсы түйсініп, тіршілікті бағамдауда айқындық пайда болды, – дейді Меруерт.

Ота Астана қаласындағы №1 ауруханада лор орталығының



Бастық айналуы, бас ұстамасының қайталануы беруінен науқас тіпті жүре де, отыра да алмай қалады. Сондай кезде науқасты жатқызып, аяқ-қолын жылы ұстау қажет. Жүрек айну, құсу, тершендік, қан қысымының төмендеуі – аурудың алғашқы белгілері. Дер кезінде ем қабылдасамаса, бұл дерт керендікке әкеліп соғады

ординатор-дәрігері Дина Әбілтаеваның қатысуымен жасалды. Дәрігерлер құлақтың ішкі жағындағы қысымды төмендету мақсатында дренаж орната отырып, эндолимфа қапшығын ашты және дренаждау процесін жүргізді. Келесі күні науқастың жағдайы едәуір жақсарғаны байқалған. Бұл ота да науқасқа міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы тегін жасалды.

КӘРІЛІК КҮЙЗЕЛТПЕСІН

Адам қартаяды, уақыт өз дегенін істейді. Қанша тырысып, сонша бетімізге күтім жасап, әдемі көрінуге тырыссақ та, сырт келбетімізге көңіліміз толмайтын күндер көбейеді. Өмір заңынан қашып құтыла алмаймыз. Шаш ағарады, әжім пайда болады, күш кемиді. Тістің түсуінен бастап қимыл-қозғалысымыз қиындап, буынымыз сырқырап, созылмалы ауру асқынған сайын жанға батып, өрши бастайды.

Адам енді айнадағы өзінің келбетіне көңілі толмайды. Уақыт өте келе өзін тартымсыз, әлсіз, дәрменсіз сезінеді. Ауру қысқан кезде өлім туралы ойлап, оның қорқынышы, түрлі ой адамды терең күйзеліске түсіреді. Ал өмір болса әдеттегідей жалғасады, жастар жетіліп, жеке өмірін құрады, өсіп-өнеді. Кейде өз тірлігінен ауыспай, үлкендерге назар аударуға мән бермей, өз ісінен арылмай жатады. Осы бір өзгерістің, бәлкім, ұрпақтар арасындағы қарама-қайшылықтың аясында зейнеткерлердің қоғамға деген көзқарасы бір жақты болып өзгереді. Күні кеше ғана өмірдің қайнаған ортасында жүрген зейнеткерлер бұл жағдайға іштей қарсылық білдіреді. Өкініштісі, қарияларға деген

орындалатын тапсырманы орындауға болады. Қарт адамға қолдау көрсететін психологтың міндеті – белгілі бір жұмыс принциптерін сақтауды талап ететін міндеттерді адал орындау. Оларды тізіп көрейік:

1. Ешқандай зиян келтірмеу. Барлық принциптің ең маңыздысы. Қартайған кезде психика өзгеретіндіктен, әдетте, жақсы жаққа емес, тұлғаның жағымсыз қасиеті күшейеді, мысалы, өкпелеу, ашулану, күдіктену және т. б. Сондықтан реңжітпеу үшін сөзіңізді таразылап, әзіл-қалжыңды мұқият пайдалану керек.

2. Сыйластық. Зейнеткер де адам. Ол сізге ұнамаса да, сіз оған немқұрайдылық көрсетіп немесе жақтырмайтынныңызды білдіріп, теріс



қоғамда қалыптасқан көзқарас, айналасындағылардың пікірі, жақын-жуығына деген кейісі де осыдан шығады. Мұндай көзқараспен қарт адам айналасындағыларды реңжітіп қана қоймай, өзі де қиналады. Үнемі депрессия жағдайында болғандықтан, ол қолдауды қажет етеді.

Егде жастағы адамдарға психологиялық көмек көрсету міндеттерді орындау керек:

– адамға осы өмір кезеңінің ішкі құндылығын, оның өмірдің басқа кезеңдеріне қатысты сабақтастығын көруге көмектесу. Қарапайым тілмен айтқанда, көрілік – өмірлік циклдің табиғи жалғасы, оның өзіне тән жағымсыз да, жағымды да ерекшелігі бар. Бұл шындықты қабылдауға тырысу керек, өткенге өкінбей өмір сүру керек;

– зейнеткерді дене шынықтыру дайындығын жақсарту бойынша шаралар қабылдауға ынталандыру. Денедегі өзгерістер сөзсіз болады, бірақ сіз бұл процессті басқара аласыз және дененің қартаюын бәсеңдете аласыз. Бұған физикалық және ақыл-ой белсенділігін үнемі жаттықтыру арқылы қол жеткізуге болады.

Міндеттерді орындау оңай емес, кейде адамның өзі өзгергісі келмейтіндіктен, өзінің жалқаулығын көрілікпен және әлсіздікпен ақтайтындықтан мүлдем мүмкін емес. Бірақ қаласаңыз, кез келген

көзқарасыңызды көрсетуіңіз керек. Оған қолдау мен негізгі күтімді қажет ететін адам ретінде қараңыз.

3. Сөйлеудің қолжетімділігі. Жас ұлғайған сайын ми қызметі бұзылатындықтан, танымдық процестердің өнімі де (ойлау, зейін және т. б.) төмендейді, сондықтан егде жастағы адамдармен әлсізденде психологтың сөзі өте анық болуы керек және екі жақты түсіндіруге жол бермеу керек. Сөйлемдер тым ұзақ болмауы керек және белгілі сөздерден тұруы керек. Арнайы терминдерді түсіндіру қажет.

Өмір – үздіксіз қозғалыс. Өзеннің ағысы өзен арнасының бүкіл ұзындығында сақталатыны сияқты, көрілік те бұл принципті жоққа шығармайды. Ойлау енді соншалықты өнімді болмаса да, ұмытшақтық барған сайын жиі кездеседі, бұл проблема емес, жаңа дағды мен қабілетке ие болу мүмкіндігі сақталады. Жаңа білімді меңгеру, жасау және жетілдіру, өзін сол немесе басқа хоббиде жүзеге асыру қабілеті өмірімізді мағыналы, бізді бақытты етеді. Дүниені зерттеп, өзін өзге қырынан көрген зейнеткер жас туралы ойлауды тоқтатады, ескі жетістіктер мен сәтсіздіктерді жадында қалдырады да, қазіргі сәтті өмір сүру бастайды.

Рустам ИБРАГИМОВ,
№4 қалалық емхана
психологы

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСАДЫ

Астанадағы Ұлттық ғылыми медициналық орталығында қалқанша безінің қатерсіз түйінді ісігін емдеудің заманауи мүмкіндігі туралы ғылыми-тәжірибелік семинар басталды.

Бірнеше күнге созылатын оқуға Ресей Федерациясының интервенциялық тиреоидология саласындағы жетекші маман, эндокриндік хирург, онколог, медицина ғылымдарының кандидаты, РФ Денсаулық сақтау министрлігі Башқұрт мемлекеттік медицина институтының жалпы хирургия, трансплантология және

радиациялық диагностика кафедрасының доценті Гүлнәр Гумерова қатысып, қазақстандық дәрігерлермен тәжірибе алмасу жүргізеді.

Эндокриндік хирургияның маңызды мәселесінің бірі – қатерсіз ауруларды емдеу. Мұндай науқастың түрі халықтың шамамен 50-60 пайызында кездеседі.



АУДИОЛОГИЯ СКРИНИНГІ

Өмірдің алғашқы 3 жылында нәресте әртүрлі дыбысты, соның ішінде сөйлеуді қабылдауды үйренеді. Дыбыстарды қабылдаудағы қиындықтар немесе есту қабілетінің нашарлығы сөйлеуді түсіну және оны қайталау проблемасына әкелуі мүмкін.



Аудиология скринингі жаңа туған нәрестелердің, ерте жастағы балалардың есту қабілетінің бұзылуын уақытты анықтау, ерте араласу, мүгедектікке әкелетін ауруларды оңалту және алдын алу үшін жүргізіледі. Мұндай скринингті ұйымдастыру 2 кезеңнен тұрады:

* бірінші кезең – жаңа туған нәрестелерге, меншік нысанына қарамастан, босандыру

ұйымдарында жүргізілетін неонаталдық аудиология скринингі;

* екінші кезең – аудиология скринингі, 3 ай, 1 жыл, 2 жыл, 3 жыл, 6 жасты қоса алғанда, меншік нысанына қарамастан, медициналық-санитарлық алғашқы көмек ұйымдарының балаларды дамыту кабинеттерінде жүргізіледі.

Тексеріске учаскелік қызмет арқылы жазылуға болады.

№24 (4612) 27/02/2024 Сейсенбі

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВСҮРБОЙДАҚТЫҚ
СӘН ЕМЕС

Елімізде бірін-бірі ұнатқан екі жас 18 жастан заңды некеге тұра алады. Алайда өмір болған соң кейбір айрықша жағдайларда (жүкті болып қалу немесе ата-аналардың келісімі бойынша сот шешімімен) қыз балаға 16-17 жастан да тұрмыс құруға рұқсат беріледі. Әрине, шаңырақ көтеру – жігіттің тек жеке басының ғана емес, қоғам алдындағы жауапкершілігін еселей түсетін ең маңызды қадам. Сондықтан қазақ «үйлену оңай, үй болу қиын» деп бекерден-бекер айтпаған.

Тарихқа көз жүгіртсек, ХХ ғасырдың басында бізде де Орталық Азия елдеріндей «он үште отау иесі» деп 13-14 жастан үйлендіру үрдісі болған. Этнограф Нұртаза Мәлік бұл туралы өзінің әлеуметтік парақшасында былай деп жазады:

«Қазақта «бесік құда» деген де болған. Бірін-бірі жақсы билетін әулеттер қызы мен ұлы дүниеге келгенде «бесік құда болайық» деп уәделесіп, тес қағыстырып, құйрық-бауыр жескен де замандар өтті. Ол кезде олар «уәде – Құдай сөзі» дегенді берік ұстанған. Перзенттерін бұлай ерте атастыру балаларының болашағы мен отбасы беріктігін ойлаудан туған ізгі ниет болса керек. Алайда мұны кешегі кеңес жүйесі қолдамады. Қолдамауы былай тұрсын, қудалады. Зерттеу көрсетіп отырғандай, өткен ғасырдың 80-жылдарында жастардың шаңырақ көтеруі 20-23 жасқа, ал 2000 жылдары 25-27 жасқа, бүгінде 30-35 жасқа дейін өсіп отыр. Бұл, біздіңше, заман тудырған тұрмыс қиыншылығының әсерінен болуы керек. Осыдан келіп сұрбойдақтар немесе бір-біріне еш жауапкершілік жүктемейтін «азаматтық неке» деген де көбейіп отыр».

Астана қаласының тұрғыны, тәжірибелі дәрігер Айдана Жүнісбек осы айтылған жайларды, яғни жастардың отбасын құруға асықпайтынын, тіпті кейбіріннің 35 жастан асса да, сұрбойдақ болып жүре беретінін қазақстандықтардың өмір сүру жасының ұзарғанымен байланыстырады.

«Статистика мәліметіне назар аударсақ, 2022 жылы ел тұрғындарының орташа өмір сүру жасы 74,4-ке көтерілді. Бұл сан 2000 жылдары 66 жас болатын. Біреулер «адам жасы ұзартығын отбасын құруға қандай қатысы бар?» деп ойлауы мүмкін, мен сізге айтайын, тікелей қатысы бар. Ғылым мен техника қарыштап дамыған кезеңде жастардың білім алуға деген құлшынысы артады. Қазір оқимын дегендерге өркениетті шетелдерде кеңінен есік ашылды. Сондай-ақ біздің елде жастар ұғымы да 29-дан 35 жасқа дейін өзгерді. Міне, осы бағытта көзқарасы қалыптасқан бозбала немесе бойжеткен ойға алған мақсатын жүзеге асырмайынша, некелескісі келмейді. «Сананы тұрмыс билейді» деген – осы. Білім алу, жақсы жұмыс табу, қызметте өсу, үйлі-күйлі болу, сосын барып некелесуі мүмкін. Әрі мұны менің жеке пікірім деп ойламаңыздар. Бұл – бүгін таңда қоғамда қалыптасып отырған ақиқат» дейді ол.

ҚҰПТАРЛЫҚ БАСТАМА

Қазақ қоғамында бұрын әйел отбасы – ошақ қасының ұйытқысы, тірегі саналған, ал ер адам шаңырақтың асыраушысы, қорғаны боп танылған. Бүгінде «гендерлік саясат» дегенді желеу етіп, әйел де еркектен бір кем емес, еңбек етіп, тәуелсіз болуға ұмтылады. Әрі бұл тұста нәзік жандар өздерінің қабілетін



ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Бүгінде қазақ қоғамында «азаматтық неке» деген түсінік ешкімді таңғалдырмайтын болды. Ұзақ жыл бірге тұрып, жасы 35-тен асқанда, ортада 2-3 бала болғанда ғана заңды некеге отырып жатқандар жетіп артылады. Мұны олар «бұл – бір-бірімізді әбден сынап барып, ақыл тоқтатқан соң қабылданған шешім» деп түсіндіреді.

шындап та жүр. Сарапшылардың пікірінше, жігіттердің ерте үйленуге деген құлшынысын төмендетіп жүрген үрдістің бірі осы тәрізді. Оқып, жетіліп, көңілі қалаған жұмысқа орналасқан қыз енді өзінен бір саты жоғары тұрған, оқыған, қаржы жағынан тәуелсіз, қызметі жоғары «ханзаданы» іздейді. Жігіт те тап сондай, тек өзінен екі-үш жас кіші «ханшайымын» табуға ынталы. «Іздеген жетер мұратқа». Тапты – қосылды. Бірақ алдан тағы жаңа күрмеулі қиындықтар шықты: ата-ана, жақын-жуық, ағайын-туыспен тіл табысу, барған ортаға «тастай батып, судай сіңу» мәселесі. Міне, осындай алғашқы сынақтан көп жас отбасы өте алмауда.

Қазір жастардың кеш үйленуінің бір себебі – ата-анасына тәуелді болғысы келмеуінде. Келінді шаңырағына түсіріп, қаржылай көмектесіп отырған соң, оның ата-енесі оларға ақыл айтып, байқаған кемшілігін көрсетпей тұра алмайды. Ол келінге ұнай ма, ұнамайды. Содан келіп кикілжің туады. Ортада түсіністік болмаса, соңы насырға шабуы әбден мүмкін. Өткен жылғы статистика мәліметі бойынша еліміз айырлысу жағынан көрсеткіші ең жоғары мемлекеттер қатарында екен. Орта есеппен республикада жылына 140 мың неке қиылса, соның 40-50 мыңы екіге айырылатын көрінеді. Себеп ішкі және сыртқы факторлар: ата-ананың араласуы, қаражаттың жетіспеуі, мінездердің үйлеспеуі, т. б.

«Жақында Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева-ның қазақстандық жастарға некеге тұрардың алдында бір айлық курстан өтіп, психологтардан кеңес алып, «Бақытты қазақстандық отбасы» атты шағын нұсқамалықты оқыту керектігін айтуы көңілге қонады. Онда, негізінен, екі жастың жұбы жазылмауы үшін ұлттық салт-дәстүр мен отбасы құндылығын қалай дәріптеу керектігі жан-жақты айтылған. Тіпті жас жұбайларға арнап электрондық үкімет жүйесінде бейнебаян түрінде шығаруды да ұсынуы құба-құп. Тек енді бұл бастама нақты жүзеге асады деп сенеміз» дейді демограф Ағайша Нұрышева.

Расында, екі жасқа байланысты айтылатын пікірлердің бірі – отбасын құруға қыз бен жігіттің дайындығын келетін. Бұған дейін ата-ананың көзінің ағы мен қарасы болған бойжеткен енді басқа ортаға келгенде өзін қалай ұстауы керек, нені көкейіне түйіп, нені «елемеуі» қажет? Келін өзі түскен үйдің адамдарымен мінезі, ойы, көзқарасы мейлінше ыңғайласатындай әрекеттерге талпынғаны жөн. Міне, осы мәселеде жоғарыда айтылған некеге тұрар алдындағы психологтың көмегі әбден қажет болуы мүмкін. Бұл осы мақсатта ойластырылған игі қадам деп түсінеміз.

ЖҰБЫМЫЗ ЖАЗЫЛМАСЫН ДЕСЕҢІЗ...

Бұрын отбасы құндылығы келіннің енені сыйлауы мен қайын іні, қайын сіңілілеріне бауырмалдығы, ізеттігі, ата-санын алдын кесіп өтпейтін ибалылығы тұрғысында бағаланатын. Сексенді еңсеріп қалған Жәмші әже айтқан бір әңгімедегі «күйеуіміздің қас-қабағына қарап, жұмысқа кетерде шайын беріп, киімін әзірлеп, тап-тұй-

жатқандарға қарағанда мұның өзі «екі шоқып, бір қараудан» тұған ойлы қадам» деп қолдап жүр.

«Біз бұған үзілді-кесілді қарсымыз. «Бір-бірімізді сыйлаймыз, арамызда махаббат бар» деп қанша бүркемеленген, «азаматтық неке» деген – жай ғана бірге тұрған адам. Кетіп қалса, өз еркі. Ешкімге ештеңе міндетті емес. Бір балаң тұрмақ, бес балаң болса да кейін бақыр тын ала алмайсың. Мұндай отбасындағы ананың да, баланың да құқығы сақталмайды. Қазір өзіміз жиі естіп жүрген отбасындағы зорлық-зомбылық фактілері осындай отбасылардан шығып жатыр. Салт-дәстүрімізге жат мұндай келеңсіздікті түбегейлі тоқтату керек» дейді.

Жасыратыны жоқ, қазір қазақ қоғамында сұрбойдақтар да көп, азаматтық неке де азаймай отыр. Ал ажырасу жайы тіпті ойланарлық. Бұл енді жақын уақытта шешіле қалатын мәселе емес. Өйткені ел ішінде пікір алуандығы басым. Кейбір психолог-сарапшылар «жастар 25 жастан аспай үйленбеуі керек» дейді. Неге десеніз, статистика бойынша көбіне «сәтсіз некеге»

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА БҰРЫН ӘЙЕЛ ОТБАСЫ – ОШАҚ ҚАСЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ, ТІРЕГІ САНАЛҒАН, АЛ ЕР АДАМ ШАҢЫРАҚТЫҢ АСЫРАУШЫСЫ, ҚОРҒАНЫ БОП ТАНЫЛҒАН. БҮГІНДЕ «ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ» ДЕГЕНДІ ЖЕЛЕУ ЕТІП, ӘЙЕЛ ДЕ ЕРКЕКТЕН БІР КЕМ ЕМЕС, ЕҢБЕК ЕТІП, ТӘУЕЛСІЗ БОЛУҒА ҰМТЫЛАДЫ

нақтай қылып жіберетін едік. Содан кем болған жоқпыз» деген сөзді қазіргі келіндерге айта алмайсың. Тіпті олар бір-бірін жете түсініп, мінезін біліп алғанша ниетін заңды түрде растамай, бірге өмір сүруді өмір салтына, керек болса, заман сөніне айналдырып жібергендей. Дүниеге бала келеді, ол әйелдің тегін алады. Әкесі бар, бірақ заңдастырылмаған. Бұл қалай сонда? Осыны кейбір білгіштер «бұл – уақыт талабы. Отбасы бақыты бір қатырма қағазбен өлшенбейді. Бүгін айқайлап той жасап, артынан айырылысып

ұшырайтындар – 18 бен 25 жас аралығындағы жұп құрғандар. Бұл – бүгінгі статистикасы. Дегенмен отбасын сақтап қалуға, шаңырақты шайқалтпауға ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәрбие мен қазақы ғұрыптағы отбасы құндылығын дәріптеудің, оны кеңінен насихаттаудың тәлімдік те, тәмсілдік те, ғибраттық та үлгісі зор екені анық байқалады. Сондықтан жастар уақытында жұп болып, отбасын құруы керек. Ол – өмірдегі ең маңызды құндылық. Оның орнын ешкім де, ештеңе де алмастыра алмайды.

ШЫЛБЫР ҚАЙДА?

Жылқыны алғаш қолға үйреткен қазақ ықылым заманнан бері, тіпті үзеңгіден бұрын тізгін, шылбырды ойлап тапқаны анық. Өйткені әуелі атты байлап, одан соң жетелеп, үйретіп, бас білдіретіні қисынға келеді. Сол үшін ноқтаға шылбыр, жүгенге тізгін таққан болуға тиіс. Біз білетін бергі дәуірде де тізгін, шылбырсыз ат мінген қазақ баласын көрмей өстік.

«Екі тізгін, бір шылбырды бекем ұста» дейтін бабаларымыз. Тізгін атты тежеу, қалаған бағытыңа бұру үшін керек болса, шылбыр аттан түскен кезінде жетектеу, алыс жолда кетіп бара жатсаң, атыңды аз уақыт болса да шалдыру үшін немесе белдеуге, кермеге байлау үшін керек. Өйткені қазақтың салт атқа тағатын тізгіні арбалы аттың делбесі (божысы) сияқты ұзын болмайды. Атты жетектеуге, атағашқа байлауға келмейді (әрі қысқа, әрі тұйық).

Бала күнімізде әжелеріміз, аналарымыз жүннен, қылдан екі-үш құлаш шылбыр есіп бергенде, қуанышымыз қой-нымызға сыймай, меншігімізге тиген тай-құндарымыздың жүген сулығына таққанша асығатынбыз. Ал шылбырдың келістісі – қайыс шылбыр, сөн-салтанаттысы – өрмелі қайыс шылбыр. Жоқшылық заманда балаларға тиетіні қыл аралас жүннен есілген жүн шылбыр болды. Жіптістей әрі берік қыл шылбырдың өзі біздің қолымызға түспейтін.

Заман, дәстүр, салт өзгерген бе, бұл күндері шылбыр көзден бұл-бұл ұшқан. Тарихи, тіпті деректі фильмдерден, телеарналар сьемкілерінен болып тізгінінен жетектеген, кермеге байлай алмай, бірақ тырмысып жатқан суреттерді көргенде күлкің келеді. Қайран салтымыз қайда кеткен деп қор боласың. Ақыры осы шылбыр деген әбзел күллі қазақ тұрмысында болған ба өзі деп күдіктеніп, қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне үңілдім. Әрине, бар. Ұлы Абайдан бастап мүйізі қарағайдай жазушы ағаларымыз Ғ.Мүсірепов, М.Мағауин, І.Есенберлин, С.Бегалин, Д.Досжанов, М.Сүндетов, тіпті Ш.Құмарова апамыздың шығармаларынан дәйек сөйлемдер келтірген. Бірақ «Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігін» (15 том) құрастырған тіл ғылымының докторлары мен академиктерінің қазақы салт-санаға келгенде «дүмбілездеу» екеніне көз жеткізіп, шылбырды солар білмегенде қарапайым қала қазағы қайдан білсін деген

ойға қалдық. Өйткені сөздікте «шылбыр қашаған» деген тұрақты сөз тіркесін «пысық» деп түсіндірген. Әрине, бұл – ауыспалы мағынасы. Соның өзінде дүмбілез. Пысықтың бәрі қу емес қой. Шылбыр қашағандар – жай пысық емес, сөзінен ұстатпайтын қу, жалтарғыштар ғой. Ал шылбыр қашағанның тура мағынасы – шылбыры сүйретулі бос тұрғанда иесіне ұстатпай қаша беретін әккі ат (иесі шылбырға таяй бергенде қаша жөнеліп, сәл алыстап барып тұра қалады. Қайта таяғанда қайта солай істейді). Жазушы Н.Қазыбеков «Мұндай жылқының тексіздігі тағы бар. Анадай жерге барып жайылып тұрады. Жете берсең, әрі қашады. Ал текті жылқыда мұндай шылбыр қашаған болмайды» дейді.

Шылбыр жайлы қателік тек бұл тіркес қана емес. «Шылбыр ұстату» деген тұрақты тіркесті «ат жарысында таңдаулылар алдында келу» деп түсіндірген. Түсініксіз. Өйткені шылбыр ұстату – алдында келу емес, бәйге берілетін жүйріктердің қатарында келу. «Әйтеуір ағарып алдына шықпаса да шылбыр ұстатты» дейді қазақ. Сол сияқты «шылбырына оралау» тіркесіне «күтті, қызмет көрсетті» деген түсінік берген. Нақты мағынасы: бір жаққа баруына қарсы болу, бөгет болу үшін жалынғы-жалпау. «Қаншайым өзге әйелдердей күйеуінің шылбырына оралып, «мені кімге тастап бара жатырсың» деп дауыс сап боздаған жоқ» (Ш.Құмарова, «Қос шынар»). Ол ол ма, «мына сөздікке кірмеген бірде-бір сөз қалмаған шығар» дейтіндей шамамен 101 мың сөз қамтылған «Қазақ сөздігі» (Алматы, 2013 ж.) мен жоғарыдағы 15 томдықта шылбырлау (1. шылбыр тағу; 2. етті жіңішкеlep тіліп кептіру) деген сөздер жоқ. Біздің ұлттық салт-сананы, «мемлекеттік тіл» деген мәртебесі бар ана тілімізді дәріптеудің «екі тізгін, бір шылбырынан» айырылып қалғанымыздың бір белгісі осы шығар...

Бодаухан ТОҚАНҰЛЫ,
журналист



№24 (4612) 27/02/2024 Сейсенбі

ӘЙЕЛ – ӘЛЕМ ШУАҒЫ

КИІЗДІ КӘДЕГЕ ЖАРАТҚАН...

Соңғы жылдары әлемнің сән сахнасында киізден жасалған ұлттық нақыштағы бұйымдар жиі көрсетіле бастады. Таза әрі табиғи өнім саналатын киіздің басты қасиеті суықтан қорғау ғана емес, адам денесіне пайдалы, біз ескере бермейтін емдік қасиеті де бар. Бірақ қазақтың шаруашылық тәсілі өзгеріп, отырықшы өмірге ауысқаннан кейін киіздің халқымыз өміріндегі ролі де төмендеді.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Бұрынғыдай киіз үй жауып, сырмақ тігіп, киім, төсеніш ретінде қолданбағаннан кейін ел арасында жүн сабап, киіз басатын шебер әйелдер де азайды. «Отырсаң қылшығы үстіңе жабысады» деп сырмақты үйде төсемейтін болды, оның орнына химиялық талшықтан жасалған бұйымдарды кеңінен қолданатын дәуірге келдік.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін де ұлттық өндірісіміздің бір саласы саналатын киіз мәдениетіне мән берілген жоқ. Көне киіз бұйымдар мұражайлардың қымбат мүлкіне айналса, киізден жасалған осы заманғы үлгідегі бұйымдарды көрші елдерден сатып алатын деңгейге жеттік. Міне, осы бір кемшілікті ерте байқаған қазақ әйелдері соңғы жылдары киізден жасалған өнімдерді нарыққа шығарып, бір жағынан отбасы кірісін молайтса, екінші жағынан ұлттық қолөнерді насихаттап жүр. Солардың бірі – Гүлбаршын Матниязова.

Қарағанды облысының Осакаровка ауданы Озерное ауылында жұмыссыз әйелдердің басын қосып шеберхана ашқан онымен біз Астанадағы екінші шеберханасы – «Бақытты отбасында» әңгімелесіп қайттық.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, Гүлбаршын бала күнінен тігіншілік өнерге бейім болыпты. 3-сынып оқып жүрген кезінде өз көйлегін өзі тігіп киген оны ауылдастары «тігінші қыз» деп атап кетіпті.

«20 пальтоны тігіп болғанша жаз шығып кетті де, шілденің шіліңгір ыстығында киіз пальтоны кім алады деп ойлады. Бірақ сонда да жұрттың көзі үйренсін деген оймен көрмелерге, жәрмеңкелерге апарып жүрдім. Ешкім алмай қойды. Бірақ сәтін басқанда шілде айында өткен бір көрмеде алармандар 20 пальтомды таласып сатып алып кетті. Дені – АҚШ, Франция, Германия сынды елдерден келген шетелдіктер» деді Гүлбаршын.

Гүлбаршын Матниязова 2019 жылы Қарағанды облысына көшіп келіп, өзі ірге тепкен ауылдағы жұмыссыз әйелдердің бірнешеуінің басын қосып, алғашқы шеберханасын ашыпты. Ол арада қазір 4-5 әйел жұмыс істейді, текемет, әр түрлі киім-кешек өндіріп, олар да табыс тауып отыр.

2022 жылы Астана қаласында жұмыссыз әйелдерге қолдау көрсету және техникалық жақтан тәрбиелеу мақсатында «Бақытты отбасы» орталығы ашылған болатын. Жаңа орталықты құрудың мақсаты – көпбалалы, өмірде қиын жағдайға тап болған, жалғызбасты және ерекше бала тәрбиелеп отырған аналарға қолдау көрсету. Міне, осы орталықтың шақыруымен бас қалаға келіп, бөлімше шеберханасын ашқан Гүлбаршын қазірге дейін 50-60 шәкірт тәрбиелеп үлгеріпті.

«Шәкірттеріміздің көбі – көпбалалы аналар, жұмыссыз әйелдер. Олар ақысыз өнер үйренеді, арасында өз кәсібін ашып жатқандар да, үйренген өнерін отбасында жалғастырып, қосымша табыс тауып жатқандары да көп» дейді Гүлбаршын.

Айтуынша, киіздің емдік қасиеті ғылыми тұрғыдан әлі дәлелденбесе де, оның денсаулыққа пайдалы қасиеті басым.

«Киіз – суық тиіп, буын қақсау ауруына душар болғандарға таптырмайтын ем. Астына киіз төсейтін адамдарда бел, омыртқаларына шершеу өсу, қуық түбі безінің қабыну сырқаты болмайды. Жалпы киіздің адам денесіне жағымды әсері өте көп. Ми қан тамыры жүгініп (инсульт), саусақтары қисайып, ине ұстай алмай қалған бір әйел біздің шеберханамызға келіп, жүнмен айналысқанда (жүн тарту, киіз үйқалау) он шақты күннен кейін саусақтары қалпына келгенін көзім көрді» деді Гүлбаршын Матниязова киіздің емдік қасиетін алға тартып.

Ата дәстүрді ардақтап, киіз мәдениетінің қайта жаңғырып, одан заманауи үлгідегі бұйымдар тігіп, қазақ әйелдерінің кәсіптенуіне мүмкіндік жасаған Гүлбаршын Матниязованың еңбегі – көпке үлгі.

Әйелдер мен балалар құқығының тапталуы, аразігі ажырап бара жатқан отбасы институты, тұрмыстағы зорлық-зомбылықты криминализациялау бойынша заңды жетілдіру – бүгінгі қоғамдағы ең өзекті мәселелер. Мұны шешу жолында нәзік те болса нардың жүгіндей зор жауапкершілік арқалаған елордалық белсенді қазақ әйелдерінің бірі – қоғамдағы қайраткерлігімен көзге түсіп жүрген ару ана Назгүл МАҚЖАН.

АЙНАЛАҢА
БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАМА!

Бүгінде Астана қаласы әкімдігінің жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары, елордада Қазақстан әйелдер күштері альянсы филиалының төрағасы қызметін қоса атқаратын Назгүл Мақжан жоғарыда аталған мәселелерді шешуге көп күш-жігер жұмсап жүр. Көпбалалы әулетте дүниеге келген ол бала кезден еңбеккер, жауапкершілігі мол болып қалыптасты, сонымен қатар, бойында көшбасшылық қасиеттер қатар дамыды. Астана қалалық мәслихатының депутаты болған кезінде «туған еліме не беремін?» деген сұрақты өзіне көп қойды. Оның белсенділігінің арқасында «Үркер» шағын ауданында өрт сөндіру депосының құрылысы басталды. К.Ақышев атындағы мектептің талантты жастарын қолдап, мектеп құрылысының жалғасын табуына себепші болды. Оның бастамасымен түрлі экология акциялары бастау алды. Экс-депутаттың күшімен Шығыс Ильинка тұрғын алабына Үркер атауы берілді. Отбасы және балалар тәрбиесі мәселелері бойынша түрлі жобаны жүзеге асырады. Сонымен қатар мемлекеттік аппарат пен бизнес құрылымдарында әйелдердің үлесін арттыру бойынша жұмыстарға қолдау білдіреді.

Жеке кәсіпкерлігін қарқынды дамытып отырған ол елорда оқушылары мен ұстаздары үшін музейлерге, театрларға өз қаражатына экскурсия ұйымдастырып береді. Айтуынша, бизнес ер не әйел деп бөлілмейді. Нәзік жан бола тұра, әйелдердің жеке дамуы мен бизнеске зор жетістікке жетуіне мүмкіндік көп.

– Қазіргі қоғамда еңбек мәдениетін кеңінен насихаттап, азаматтар білім күші мен адамгершілік құндылығын тереңнен сіңіруіміз керек. Азаматтар айналасына бей-жай қарамайтын болғанда ғана қоғам мен мемлекетте оң өзгерістер мен реформалар дұрыс жүзеге асады. Сондықтан елдің әрбір азаматы қоғам өміріндегі оқиғаларға белсенді қатысуы керек, – дейді Н.Мақжан.

Әдемі де ақылды келіншек – екі баланың анасы. Қауырт жұмыс арасынан демалыста отбасына көп көңіл бөлуге тырысады. Нағыз қазақ әйелінің эталоны – Назгүл Сейтқожақызының қоғамға сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, «Ерен еңбегі үшін», «Халық алғысы» медальдары және Мемлекет басшысының Алғыс хаттарымен марапатталған.

Құралай МҰРАТОВА

ЕГІЗ ЧЕМПИОНДАРДЫҢ АНАСЫ

«Алып анадан туады» демекші, батыр ұлдарды дүниеге әкелген алтын құрсақ аналар бүгінгі заманда да көп. Олардың ерлігі – талай байрақты бәсекеде ел намысын көтеріп, тәуелсіз Қазақстанның даңқын шығарып жүрген мықты ұрпақты тәрбиелеуде. Сондай бір емес, егіз әлем чемпиондары елордалық Айбек пен Нұрбек Оралбаев болса, оларды өмірге әкелген анасы – Гүлнәр Тілеуқұлова.

Райхан РАХМЕТОВА

Әуесқой бокстан халықаралық және ұлттық турнирлердің жеңімпаздары, 24 жастағы егіздер Айбек пен Нұрбектің жүлде қоржынында ел ішіндегі ғана емес, талай шетелде өткен жарыстардың алтыны бар. 80 және 92 келіге дейінгі ауыр салмақ дәрежесі бойынша боксшылар өмірінде 400 рет шыққан жекпе-жектің 300-ден астамында қарсыласынан басым түскен. Айбек – бокстан Қазақстан ұлттық құрамасының мүшесі, 2022 жылғы Азия чемпионы, Қазақстанның бірнеше мәрте және Жастар олимпиада

ойындарының чемпионы, 2018 жылғы жастар арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері. Ал оның сыңары Нұрбек – ҚР халықаралық кластағы спорт шебері, 2023 жылғы әлем чемпионы, 2022 жылғы Азия чемпионатының қола жүлдегері. Осындай ұлдарды дүниеге әкеліп, тәрбиелеген Гүлнәр ана мұның бәрі егіздердің әкесінен қанмен де, тәрбиемен де берілгенін айтады. Себебі чемпиондардың әкесі Рахат кезінде Жамбылда тұрғанда еркін күрестен тренер болған. Тұңғыш ұлдарын 4-5 жасынан бастап жұмысына үнемі алып кетіп, содан егіздер көз ашқаннан жекпе-жекте көріп өсіпті.

– Кішкентайынан жекпе-жекте көріп өскен, тек жеңісті ғана ойлайтын балалар болды. Екеуі 2-сыныпта жүргенде Астанаға отбасымызбен көшіп келдік. Содан әкесі екеуміз күреске берейік деп спорт мектебіне барсақ, тек бокс қана бар екен. Асқар Еркебаев ағайы балалардың қарымын байқап, әзірге боксқа бере тұрыңыз деп, содан өз тәрбиесіне алды. Үйдің қасына тиіп тұрған тегін үйірме болса да, кейде суықта апаруға ерініп қалатын кездер болатын, сонда қоярда-қоймай балаларды алдыртқан ағайының еңбегі зор. Екі жыл қатысқан соң балаларды 7-сыныпта елордадағы Қажымұқан мектебінде орын болмай, Степногорскідегі спорт мектебіне түсірдік. Онда бірден қабылданды. Ал 10-11-сыныпта қайтадан Астанаға алдырып, палуан атам атындағы мектепті бітіріп шықты. Сол кезден бастап олардың түрлі жарыстағы жеңісі басталды. Бүгінде екеуі де Жамбылда жоғары оқу орнынан дене шынықтыру саласынан білім алып, тәмамдап жатыр. Нұр-

бектен 5 минут ерте туған Айбегіміз үйленіп, қазір бір немереміз бар. Бәріміз кезінде 10 жыл күтіп, бюджет қызметкері ретінде мектептен алған үш бөлмелі пәтерімізде бірге тұрамыз, – дейді кейіпкеріміз.

Бүгінде Астанадағы №20 балабақшада шаруашылық меңгерушісі болып еңбек ететін Гүлнәр Тілеуқұлова – төрт ұлдың анасы. Егізден кейін тағы екі ұлы бар, үшіншісі Азамат білімге, кітапқа жақын, бүгінде оқуын тәмамдап, кәсіп ашқан. Мектепте оқитын, нағыз Астанада туған кенжесі Азат та боксқа барып жүр. Балаларды спортқа баулыған отағасы бүгінде жеке кәсіппен айналысады.

– Тұрмысқа ерте шықсам да, ештеңеден құр қалмадым, отбасылы және балалы бола жүріп, 3 оқудың дипломын алдым. Ата-енемізбен бірге тұрып, еншімізді бергенде, бірден бас қалаға тарттық. Басында 10 жылдай үй жалдап қиналсақ та, түбі жаман болмадық. Елорда біздің отбасымыз бен балаларымыз үшін құтты мекен болды. Екеуміз де педагогпыз, мінездіміз де сабырлы,



Құдай өзі солай қосқан ғой, сондықтан балаларға ұрысып, ұрып, жекіп көрмеппіз. Ренжісіп қалсақ та, оңаша сөйлесеміз. Ұлдарымыз да тіл алғыш болып өсті, қатты бір ұрысатындай мінез көрсетпеді. Кішкентайынан егіздермен сәл нәрсені болса да ақылдасатынбыз. Әлі күнге сол, кез

келген мәселені отбасымызбен жиналып, ақылмен шешеміз. Балалардың жақсы тәрбие алуы олардың бос уақытының болмауымен де байланысты шығар. Далада бала болып ойнамады екеуі. Тек үйірмеге тасыдық. Еркелетіп, бетімен жібермедік, – деп тәрбиесінің құпиясымен бөлісті Гүлнәр ана.

ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ САҢЛАҒЫ



Биыл елімізде қазақ киносының саңлағы Шәкен Аймановтың 110 жылдық мерейтойы кеңінен аталып өтуде. Жолдастары мен қызметтес әріптестерінің айтуынша, Шәкен Кенжетайұлы жайдарлы мінезді, айналасына шарапатын тигізіп жүретін, дүние-байлыққа қызықпайтын, жомарт, кеңпейілді, мәрт, өнерлі, сегіз қырлы, бір сырлы адам болыпты. Осы қасиеттері үшін «Біздің заманымыздың серісі» атанған екен.

Атына заты сай кинематограф корифейінің мерейтойына орай жуырда Қазақ ұлттық өнер университетінің «Кино, арт-менеджмент және операторлық өнер» факультетінде Шәкен Аймановтың шығармашылығына арналған «Заманауи ұлттық киноның даму ерекшеліктері» деген тақырыпта ғылыми-практикалық конференция өтті. Басқосу барысында кино

өнерінің майталмандары, жетекші ұстаз-мамандар өздерінің тәжірибелерімен бөлісіп, жас педагогтар мен студенттерге, магистранттар мен докторанттарға дәріс жүргізді.

Мәселен, кинорежиссер, продюсер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тәуекел Сламбек пен кинооператор, КСРО Кинематографистер одағының мүшесі Әубәкір Сүлеев Шәкен Аймановпен алғашқы танысуы туралы қызықты етіп әңгімелеп берді. Ал тәжірибелі ұстаз Оралбек Сарыбасов ұлы режиссердің шығармашылық феномені мен мінезінің ерекшелігіне тоқталды. Әңгіме барысында Шәкеннің соңғы жылдары қойылған «Алдар көсе» (1965 ж.), «Атамекен» (1966 ж.), «Тақиялы періште» (1969 ж.), «Атаманның ақыры» (1973 ж.) кинофильмдерінің шығу тарихы мен кейбір эпизодтарының қойылуы жөнінде қатысушыларға қызықты деректер көрсетілді.

Конференцияға «Шәкен Аймановтың қазақ ұлттық киносындағы орны», «Ұлы дала режиссёрі», «Қазақстандық кинематографтағы Шәкен Аймановтың музыкалық мұрасы:

ұлттық мәдениетке және әлемдік киноиндустрияға әсері», «Киноиндустрия экономика саласы ретінде: өзекті мәселелер мен үрдістер», «Келешек анимациясы: заманауи анимациялық кинодағы ағымдық тенденциялар мен перспективалар», «Кино-жобаларды ұйымдастырудағы арт-менеджмент: заманауи кинематографиядағы өнер», «Арт-менеджменттегі жобалау мен коммуникативтік саясат», «Қазақстандық кинодағы музыка зерттеу мәселелері» деген тақырыптарға баяндамаларды тыңдады.

Конференцияға қатысқан студенттер, магистранттар мен докторанттар кинематография саласына қатысты қызықты, тың ақпараттарды игеріп, өзінің білім көкжиегін байытты. Ұлы режиссердің рухани әлеміне саяхат жасап, аса пайдалы дәріс тыңдады. Расында да, ұлы адамдардың басқалардан бір ерекшелігі, арамыздан алыстаған сайын тұлғасы биіктей береді.

Гүлнахия БІРЖАНОВА,
Қазақ ұлттық өнер университетінің
баспасөз хатшысы

АУҒАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

2024 жылғы 15 ақпанда Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 35 жыл толды. 1979 жылы желтоқсанда Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы өз әскерлерін Ауғанстан Демократиялық Республикасының аумағына енгізді. Он жылдық соғыс басталды, ол 1979 жылдың 27 желтоқсанынан 1989 жылдың 15 ақпанына дейін созылды.



Ауған соғысындағы қайтыс болғандардың туыстары мен архив мекемесінің қызметкерлері қатысты. Адамның бүкіл өмірлік ресурсы мида ғой. Сол үшін ағылшын тілін үйрене бастадым. Көбіне ауызша жағын меңгеремін. Ғаламтордағы түрлі сабақты, аудио, бейнебағдарламаны тыңдап, көру арқылы өз бетімше үйренемін. Телефон қосымшалары арқылы жаңа сөздер жаттаймын. Қолым қалт етсе тапсырмаларды орындаймын. Ақылы курстарға барғанмын. Бірақ былтыр Еуропамен араалағанда маған сол ақылы оқығанымның пайдасы тимеді. Польша, Чехия, Германияда жұмыс визасымен жүргенде тіл білудің қаншалықты маңызды екенін түсіндім. Кез келген елге тіл біліп барсаң, анағұрлым жеңіл әрі жалақысы жоғары жұмысқа тұруға болады. Ал тіл білгендерге қара жұмысқа жегіледі. Енді Канадаға келсек, ол жаққа тіпті тіл білмей бару мүмкін емес. Канада – нағыз өркениеттің отаны, сол елде тұру – көп адамның арманы. Балаларым жас кезінде сондай өркениетті көрсек екен, өз бойына тәрбие етіп сіңіріп алса екен деймін. Жеріне қарасаңыз дымы жоқ, бірақ тұрмысы қандай! Қазақстан байлықтың үстінде отырса да, халқының тұрмысы әлі де төмен, кейбір ауылдарда интернетті қоя тұрып, жарық пен су жоқ, – дейді Жанболат етікші.

Іс-шараны ашқан архив басшысы Ж.Бимолдин Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең ұзақ соғысқа айналған Ауғанстан соғысы Кеңес Одағына ешбір даңқ әкелмегенін, құрбан болғандардың туыстары мен жақындары үшін бұл қасіретті соғыс 1989 жылы ақпандағы әскерлердің шығарылуымен де аяқталмағанын, қантөгіс оқиға әр мемлекет пен халық үшін сабақ болғанын атап өтті.

Қатысушылар ауған соғысы алапатында ерлікпен қаза тапқан, бейбіт өмірде соғыс жарақатынан айықпай қайтыс болған ардагер азаматтарды еске алды. Сөз алған ардагер полковник Бауыржан Алайнайұлы ауған соғысында болған жанкешті оқиғаларды әңгімелеп, сол кезде қаза болған достарының ерлігімен бөлісті. Шараға қатысушылар ардагерлерге

көкейінде жүрген сұрағын қойып, пікір алысты. Ардагер қазіргі уақытта жастарды ерлікке, ұлтжандылыққа, өз елінің патриоты болуға, үлкенге құрмет көрсетуге және әскерге барудан бас тартпауға шақырды.

Ауған ардагері, заңгер Сәкен Жүсіпбекұлы ауған соғысы ардагерлер қоғамының қазіргі таңда атқарып жатқан қызметі мен жұмысы жөнінде баяндады.

Ғылыми-зерттеу жұмысы қызметінің басшысы Ғазиза Тұрмағанбетқызы елімізге, соның ішінде қаламыздағы ауған соғыс ардагерлерінің өткен жылдардан сыр шертетін, қандай да бір тарихи факт немесе оқиғаның маңызын ашатын халқымыздың тарихи-мәдени мұрасының ажырама бөлігі – қайталанбас құжаттарды жинақтау, еңбегі сіңген құрметті азаматтарды ұлықтау және қызмет ету барысында жинақталған құжаттардан «жеке қор» қалыптастыру, елімізге сіңірген еңбегін бағалай отырып, құжаттардың келешек ұрпаққа мәні зор екенін жеткізді.

Дөңгелек үстел аясында архив мамандары мен ардагерлер тарапынан Ауғанстан соғысының ардагерлері мен мүгедектерінің заңды тұлғалар бірлестігі архив қорын құрып, болашақта жеке тұлғалардың қоғам мен мемлекеттің өміріндегі айтулы оқиғалардың, соның ішінде Ауғанстан соғысының оқиғаларына қатысушысы, куәгері ретіндегі рөлі, соғыстан кейінгі тұлғалардың ғылымды, мәдениетті және қызметтің басқа да салаларын дамытуға қосқан үлесі, достық, шығармашылық байланысы, жұмыс орны, жеке тұлғалардың атқаратын лауазымын айқындап, тізімін жасап, архив құжаттарын жинақтауда бірлесу жұмыс жүргізу туралы шешім қабылдады.

Іс-шараға қатысушыларға фотоқұжатты көрме, «Ауған соғысынан» атты қысқаметражды фильм көрсетілді.

Қорытындылай келе, Астана қаласы мемлекеттік архивінің басшысы барлық ардагерге алғыс айтып, Ауғанстаннан өткендердің бәрі сағы сынбаған жандар, азаматтық өмірде аяғынан көгеріле алғандар деді. Соғыстың аты – соғыс, ол адамзатқа тек қасірет алып келетінімен белгілі. Тарих бетіне өзінің қанды ізін қалдырған ауған соғысы да талай ердің тағдырын оққа байлады. Иә, өлгендер қайтып келмейді, бірақ соғыс жүрегіне өшпес жара салған азаматтарға құрмет көрсету – біздің қасиетті парызымыз.

«Бұл кездесу оқушылар үшін тәрбиелік мәні зор мағыналы іс-шара болды деп есептейміз. Бейбіт өмірдің баға жетпес бақытты күндерінде амандықпен осылай дидактасайық!» деп қонақтарға алғыс білдіріп, архивтік құжаттар негізінде жарияланған жинақтар табысталды.

Ардақ ҚАЙЫПЖАНОВА,
архив жұмысы
қызметінің басшысы

ЕҢБЕК АДАМЫ

Астанада етікшілік кәсіппен 30 жылдан бері айналысып, отбасын асырап жүрген Жанболат Мұсайбековтің арманы – ағылшын тілін жетік меңгеру. Тілді толық білген соң отбасымен шетелге, әсіресе Канадаға барып тұруды жоспарлауда. Сол мақсатта 3 жылдан бері өз бетінше ағылшын тілін үйреніп келеді. Бүгінде тіл білуі IELTS 4 деңгейіне жетіп қалған етікші отбасымен мұхит асып кетуді көздеп отыр.

ЕТІКШІНІҢ АРМАНЫ



Райхан РАХМЕТОВА

Кеңес кезінде Омбы политехника институтында ауыр машина жасау саласындағы инженер-технолог мамандығын бітірген маман ақыры оқыған саласында жұмыс істеместен кетті. Бір жағы ол кезде бұл мамандық бойынша тек 3 зауыт қана болды әрі біреуге емес, өзіне-өзі жұмыс істегенді құп көрді. Ал қазір бұл кәсібіне әбден үйреніп алған. Елорданың А.Байтұрсынұлы көшесі бойындағы алақандай арнайы орынды айына 20-30 мың теңгеге жалдайды. Етікші, сөмкенің жыртылған, тесілген жерін тігу, жамау, желімдеу, кілт көшірмесін жасау, қайшы, пышақ қайрау секілді жұмыстар бойынша 30-ға жуық тапсырыс қабылдап, күніне кем дегенде 10 мың, көп дегенде 25-30 мың теңгедей табыс табады. Осы табысымен ол екі қыз, бір ұлын асырап, бәрінің жоғары білім алуына көмектесіп отыр, балаларының алды отбасылы болып үлгерді, бір қызы Чехиядағы оқуын тамамдамақ. Астанаға 2009 жылы Петропавл жақтағы Қызылту ауылынан көшіп келген. Бұл кәсіп, жүген, ер-тоқым жасайтын шеберлігі әкесінен дарыпты. Аптаның бес күнінде өзі шықса, демалыста жұмысын ұлына тапсырады. Оған да ата кәсібін үйретіп қойған. Босаған уақытында да, жұмыс істеп отырып та қазіргі басты арманы – ағылшын тілін үйренуге кірісіп кетеді. – Тілді оқудағы басты мақсатым – біріншіден, миды жаттықтыру, адам қартайған сайын ми жалқаулана бастайды, адам содан тез қартайып, ерте алжиды. Сондықтан миды жаттықтырып, түрлі тапсырма беріп,

жұмыс істету керек. Адамның бүкіл өмірлік ресурсы мида ғой. Сол үшін ағылшын тілін үйрене бастадым. Көбіне ауызша жағын меңгеремін. Ғаламтордағы түрлі сабақты, аудио, бейнебағдарламаны тыңдап, көру арқылы өз бетімше үйренемін. Телефон қосымшалары арқылы жаңа сөздер жаттаймын. Қолым қалт етсе тапсырмаларды орындаймын. Ақылы курстарға барғанмын. Бірақ былтыр Еуропамен араалағанда маған сол ақылы оқығанымның пайдасы тимеді. Польша, Чехия, Германияда жұмыс визасымен жүргенде тіл білудің қаншалықты маңызды екенін түсіндім. Кез келген елге тіл біліп барсаң, анағұрлым жеңіл әрі жалақысы жоғары жұмысқа тұруға болады. Ал тіл білгендерге қара жұмысқа жегіледі. Енді Канадаға келсек, ол жаққа тіпті тіл білмей бару мүмкін емес. Канада – нағыз өркениеттің отаны, сол елде тұру – көп адамның арманы. Балаларым жас кезінде сондай өркениетті көрсек екен, өз бойына тәрбие етіп сіңіріп алса екен деймін. Жеріне қарасаңыз дымы жоқ, бірақ тұрмысы қандай! Қазақстан байлықтың үстінде отырса да, халқының тұрмысы әлі де төмен, кейбір ауылдарда интернетті қоя тұрып, жарық пен су жоқ, – дейді Жанболат етікші.

Биыл өзі өтініш берген көші-қон қызметінің талабы бойынша ағылшын тілін білу деңгейін IELTS 5-ке жеткізсе, отбасымен Канадаға көшіп кетуге дайын отыр. Таң атқаннан күн батқанша сүйікті кәсібімен айналыса жүріп, жасы 60-қа таяп қалса да, алдына үлкен арман қоя білген кейіпкеріміз ерінбеген етікші ғана емес, ағылшын тілін де еркін меңгере алатынын дәлелдеп жүр.

Астана қаласының мәслихаты Астана қаласы мәслихаты аппаратының ардагері, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің хатшысы Майдагүл Қайсарбекқызы Ескендіроваға жұбайы Ақтан Ғалымжанұлы Ескендіровтің дүниеден өтуіне байланысты орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«БЕЙБАРЫС» ОПЕРАСЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРДЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның қазақ оркестрі композиторлар Айтқали Жайымов пен Арман Жайымның екі актілі «Бейбарыс» операсының премьерасын ұсынды. Қыпшақ даласында тұтқынға алынып, жат жерде ерекше ерлігімен, асқан талантымен құлдықтан қайраткерлікке дейін көтерілген даңқты Бейбарыс сұлтан туралы жазылған дүниелер, музыкалық шығармалар көп. Астанада өткен премьеры – соның бірегейі.



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Қазақ даласының ұлы перзенті, 1260-1277 жылдары Мысыр мен Сирияны билеген

атақты қолбасшы, көрнекті мемлекет қайраткері Сұлтан Бейбарыс туралы операның концерттік премьерасын елорданың мәдени өміріндегі жарқын оқиға деп атауға болады. Опера

жасау идеясын 2003 жылы композитор Айтқали Жайымов ұсынды. Сол кезде консерваторияны бітірген Арман Жайым қатысқан алғашқы нұсқасы 2007 жылы шықты. Материал

бойынша жұмыс кейінгі жылдары да жалғасты. 2013 жылы Қазақ филармониясы оркестрінің орындауындағы концерттік нұсқасы шықты. Өткен жылы авторлар бұл тақырыпқа қайта оралып, бұрынғы жасағанын қайта өңдеп, қазақ оркестріне арнайы жазылған шығарма Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның сахнасында бас дирижер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Айтқали Жайымовтың көркемдік жетекшілігімен көрермен назарына ұсынылды.

Либретто авторлары – көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ұлықбек Есдәулет пен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айтқали Жайымов.

Операның концерттік нұсқасын шығаруға камералық хор (көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, профессор Гүлмира Құттыбадамова), «Шалқыма» халық би ансамблі (көркемдік жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әбдірасул Есекеев), Ұлттық ұлан ән-би ансамблінің би тобы (көркемдік жетекшісі – Эльмира Баққали) мен Қорғаныс министрлігі ұлттық әскери-патриоттық орталығының би тобы (көркемдік жетекшісі – кіші сержант Әлішер



Мұхатаев), классикалық вокал бөлімі (көркемдік жетекшісі – мәдениет саласының үздігі Роза Шотқалиева) қатысты.

Опера партияларын филармонияның классикалық вокал бөлімінің солистері орындады,

Бейбарысты – Алтынбек Әбілда, Людовикті – Нұрсат Алмас, Айдананы – Шахризада Тыныштық, Қалауынды Алтынбек Арыстанбек сомдаса, Күндік рөлінде Талғат Аллабиринов ойнады.

АРХИВ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласының мемлекеттік архиві жанындағы ғылыми-әдістемелік кеңес төрағасы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Тілеуғали Қышқашбайдың төрағалығымен аталмыш кеңестің отырысы өтті.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Ғылыми-әдістемелік кеңестің мақсаты – архивте архивтану, археография, құжаттану және Қазақстанның жаңа тарихы бойынша жүргізілетін ғылыми жұмыстардың тақырыптарын қарастыру, архивті ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша ұсыныстар әзірлеу және қабылдау. Жиында маңызды төрт мәселе қаралды. Атап айтқанда, ғылыми-әдістемелік кеңестің құрамына өзгерістер енгізілді. Архивтің осы жылға арналған жұмыс жоспары туралы ғылыми-зерттеу және ақпараттық-түсіндіру жұмысы қызметінің басшысы Ғазиза Исахан баяндама жасады. Бұл мәселелер бойынша Ұлттық музей директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары Ақмарал Ибраева мен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті шығыстану

кафедрасының қауымдастырылған профессоры Гүлмира Төлеуғазықызы өз ойын ортаға салды. «Archiv habarşysy» журналына жарияланатын ғылыми мақалаларға қойылатын талаптарды анықтау бойынша ғылыми-әдістемелік кеңестің хатшысы Серік Баяхметов баяндады. Ұлттық қорғаныс университетінің аға оқытушысы Асқар Макипов, Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы архив ісін ұйымдастыру бөлімінің басшысы Жангүл Тажина түрлі кеңес беріп, ой-пікірімен бөлісті. Кеңес мүшелері сұрақтар қойып, ұсыныстарын жеткізді. Соның бірі – Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Гүлнәр Мұсабалина.

Астана қаласы мемлекеттік архивінің директоры Жангелді Бимолдин айтылған ұсыныстар ескеріліп, бекітілетінін айтты.

25 ақпан... Бұл күні қазақтың біртуар перзенті, аса көрнекті ақын, мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин атылды. Осыған байланысты Астанада «Асыл азамат бейнесі» тақырыбымен еске алу іс-шарасы өтті. Оған мемлекет және қоғам қайраткерлері, қаламгерлер мен ғалымдар қауымы, сәкентанушылар, ақынның туыстары қатысты.

АСЫЛ АЗАМАТТЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Елордадағы С.Сейфуллин мұражайының директоры, тарихшы ғалым Марат Әбсеметов Сәкен 1937 жылдың 24 қыркүйегінде «халық жауы» есебінде тұтқындалып, абақтыға қамалғанын, КСРО Жоғарғы сотының көшпелі әскери коллегиясы 1938 жылдың 25 ақпанында қылмыстық ісін 20 минут қарап, ату жазасына кескенін, жалпы сол күні 39 адамның ісі қаралғанын айтты.

Мемлекет және қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімұлы Сәкен бабамыздың өмірбаянына тоқталып, осы іс-шараның тағылымы туралы айтып өтті. Сәкен Сейфуллиннің туыстары атынан ақынның інісі Мәжиттің жиені Алтай Қарпықұлы мен анасы Жамалдың інісі Әбіштің немересі Асылгүл Рақымжанқызы, ғалым, қоғам қайраткері Бейбіт Мамыров, журналист, жазушы,

аудармашы Бақтыбай Жұмаділдин, тарихшы ғалым Сейітқали Дүйсен, С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназия директоры Гүлдерай Майқанова, Қарағанды облысы Нұра ауданы Ахмет ауылы С.Сейфуллин атындағы мектеп директоры Атымтай Балабиев сөз сөйледі.

Оспан СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ

КІТАПХАНАДА БАРДПЕН КЕЗДЕСТІ

Елордадағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында Ауғанстаннан кеңес әскерлері шығарылуының 35 жылдығына орай бард Асқар Сағынаевпен кездесу өтті.

Көрнекті ақын Олжас Сүлейменовтің батасын алған Асқар Сағынаев – Ауғанстан соғысы ардагерлері ұйымының құрметті мүшесі. Отан алдындағы борышын басқа жерде өтеп, от пен оқ көрмесе де, осы ұйыммен тығыз қарым-қатынас орнатып, ұзақ уақыт әскери-патриоттық жұмыспен айналысты. Атап айтқанда, мектептерге, басқа да білім ошақтарына барып отаншылдық рухтағы әндерді салды. Оның орыс тілінде «Стрела Аллаха» атты жыр жинағы, әскери тақырыптағы өлеңдер мен әндер дискісі жарық көрді. «Әуе десантты әскер-2012 жыл. Әскери даңқ жолымен» халықаралық автожорыққа қатысты. Бард Ресейде және Беларусь Республикасында өткен «Автомат пен гитара» халықаралық конкурсының дипломанты,



«Виват, Қазақстан!» республикалық байқауының лауреаты.

Бардпен кездесуге Ауғанстан соғысының ардагерлері қатысып, Асқар

Сағынаев осы соғысқа қатысқандар мен оны көргендер арасында көпір орнатқанын атап өтті. Осы соғыстан қайтпағандарды еске алды.